

Ushqyr oıla! Bikkе samǵa! Álemdi sharla!



# Farabi

№3  
НАУРЫЗ  
2026

## shákirti

@farabishakirti.kz  
f @farabishakirti.kz  
i @farabishakirti.kz

МЕКТЕП МҮҒАЛІМДЕРІНЕ, ОҚУШЫЛАРҒА, ОРТА ЖӘНЕ ЖОҒАРЫ ОҚУ ОРЫНДАРЫ  
ОҚЫТУШЫЛАРЫ МЕН БІЛІМ АЛУШЫЛАРЫНА, САЛА МАМАНДАРЫНА, АРДАГЕРЛЕРГЕ,  
АТА-АНАҒА АРНАЛҒАН РЕСПУБЛИКАЛЫҚ ТАНЫМДЫҚ ЖУРНАЛ



ЖИ супер



**ТОҚАЕВ Қасым-Жомарт Кемелұлы, Қазақстан Республикасының Президенті:**

## **Ұлыстың ұлы күні – ұлтымыздың ұлық мейрамы**

Бұл – біздің ата дәстүріміз. Шуақты көктем мерекесінде бүкіл дүние қайта жаңғырады. Күн мен түн теңеледі. Қазақ елі өз-Наурызды көне заманнан бері тойлап келеді. Наурыз – ең алдымен, игілікті істердің мерекесі. Осы күндері әр үйде ақ дастархан жайылады. Ел-жұрт бір-бірімен қауышып, ақ тілегін айтады. Мұқтаж жандарға қайырымдылық жасап, қамқорлық көрсетеді. Ұлыстың ұлы күні биыл да қасиетті Ораза айымен тұспа-тұс келіп отыр. Еліміз үшін мұның мән-маңызы зор. Себебі біздің дініміз бен дәстүріміз – егіз. Қос қазынамыз халқымыздың бірегей болмысын айшықтай түседі.

Наурыз – көптеген шығыс халықтарына ортақ мереке болғанымен, елімізде Ұлыстың ұлы күнін тойлаудың ерекше дәстүрі бар. Бұл мейрамның төл мәдениетіміздегі орны айрықша. Шетелдік меймандар да мереке қарсаңында Қазақстанға арнайы келіп, біздің салт-дәстүрімізбен танысады, әдет-ғұрпымызды

танып-біледі. Біз осы рухани қазынамызды жан-жақты дәріптеуіміз керек. Наурызнама бойынша бүгін – Ынтымақ күні. Еліміз үшін ауызбіршілік пен татулықтың орны қашанда ерекше. Бүкіл халқымыз ұлтына, дініне қарамастан бір ел болып, Наурызды бірге атап өтеді.

Ұлыстың ұлы күні – тазалық мерекесі. Халқымыз осы күні тал егіп, бұлақтың көзін ашқан. Айналасын тазалап, табиғатты аялаған. Бұл дәстүр бүгін де өз жалғасын табуда. Былтырдан бері елімізде «Таза Қазақстан» акциясы жүріп жатыр.

Наурыз – нағыз еңбек мерекесі. Көктемнің басы – дала еңбегі жанданатын кезен. Қазір ауыл шаруашылығында қарқынды жұмыс басталды.

**(Мемлекет басшысы Қазақстан халқын Наурыз мейрамымен құттықтауынан. 2025 жылғы 21 наурыз. <https://www.akorda.kz>)**

**Мектеп мұғалімдеріне, оқушыларға, орта және жоғары оқу орындары оқытушылары мен білім алушыларына, сала мамандарына, ардагерлерге, ата-анаға арналған Республикалық танымдық журнал**

**Farabi shakirti**

**№3 (79) наурыз 2026 жыл**

**Журнал 2019 жылдың наурыз айынан бастап, айына 1 рет шығады (электронды нұсқа)**

Шығарушы және меншік иесі  
**«MODERN MEDIA ALMATY» ЖШС**

Директор-Бас редактор: **Жанастан КУЧУКОВА**  
Тілшілер: **Жұлдыз ӘБІЛ,**  
**Тамила ИБРАГИМОВА**  
Безендіруші-дизайнер: **Раушан БАҚЫТЖАНҚЫЗЫ**

Редакцияның мекенжайы: 040600, Алматы облысы,  
Ұзынағаш, Тәуелсіздек, 81.  
Тел.: +7 701 730 9312  
**E-mail: [farabi\\_shakirti@mail.ru](mailto:farabi_shakirti@mail.ru)**  
**ТАРАЛЫМЫ – 228 дана.**

Қазақстан Республикасы Мәдениет және ақпарат министрлігі  
"Қазақстан Республикасы Мәдениет және ақпарат министрлігінің  
Ақпарат комитеті" республикалық мемлекеттік мекемесі

Мерзімді баспасөз басылымын, ақпарат агенттігін және желілік басылымды қайта есепке қою туралы КУӘЛПК № KZ28VPY00092839 Астана қ. Берілген күні: 17.05.2024 ж.

Атауы: Республикалық «Farabi shakirti» журналы.  
Тілі: қазақ, орыс, ағылшын тілдерінде басылады. Тақырыптық бағыты: Мектеп мұғалімдері мен оқушыларға, орта және жоғары оқу орындары оқытушылары мен білім алушыларына, сала мамандарына, ардагерлерге, ата-анаға арналған Республикалық танымдық журнал. Таралу аумағы: Қазақстан Республикасы  
Алғашқы есепке қою кезіндегі нөмірі мен мерзімі:  
17481-Ж 28.01.2019 жыл

Журналдың пифрлық нұсқасы «Farabi shakirti» редакциясында қапталды.

Журнал бетінде жарияланған оқырмандарымыздың көзқарасы мен олардың шығармаларының нақтылығы үшін редакция жауап бермейді.

# «АТА-АНАНЫҢ ҚАДІРІН БІЛМЕГЕН – ХАЛЫҚ ҚАДІРІН БІЛМЕС»

**Ғабиден Мұстафин**

\*«Қызы анадан үйренбей өнеге алмас,  
Ұл атадан үйренбей сапар шекпес».

\*«Ананың хақы – Құдайдың хақы».

\*«Ұл ақылды хош көрмес – ата үлгісін көрмесе,  
Қыз жарытып ас бермес – ана үлгісін көрмесе».

## **Қорқыт ата**

«Ағаңнан айырылсаң – қанатыңның  
қайырылғаны,

Әкеңнен айырылсаң – асқар тауыңның  
шағылғаны,

Сүйген жарыңнан айырылсаң – жапырағыңның  
қуарғаны,

Анаңнан айырылсаң – ағып жатқан бұлағыңның  
суалғаны».

## **Сырым Датұлы**

«Перзенттер аналарды гауһардан да артық  
безендіреді».

## **Самуэль Батлер**

«Екі дүниеде жырласақ Ана ерлігін, Ананың  
өжеттігін жырлайық та!»

## **Ғабит Мүсірепов**

«Күшті махаббат қана күйеудің бойындағы  
кінәратты жеңеді. Күшті махаббаты бар ақылды,

сабырлы әйел ғана жаман жігіттен жар жасап  
алады. Содан кейін олар бірінің айтқанынан  
бірі шықпай сыйласымды, тату-тәтті өмірді  
бастарынан кешіреді. Бұл жолда әйелдің көп  
қажыр, қайраты жұмсалады. Ол жақсы жарды  
содан соң барып табады. Адам бойындағы, әсіресе  
қыз бойындағы қасиет ана берген тәрбиеден ғой».

**Әзілхан Нұршайықов**

«Нәзіктік атаулының жиынтығы – ананың  
алақаны, сондықтан да ол – сәби үшін ең жылы  
ұя».

**Виктор Гюго**

«Ата-анасын ардақтамаған ұл – нағыз  
қылмыскер. Ешбір ұлдың анасына бейжай  
қарауына құқы жоқ».

**Ги де Мопассан**

«Анамыздың ақ сүтімен бойымызға дарыған  
тілімізді ұмыту – бүкіл ата-бабамызды,  
тарихымызды ұмыту».

**Бауыржан Момышұлы**

«Мен сурет салуды таудың бұлағынан, қойдың  
құлағынан, ешкінің мүйізінен, анамның оюынан  
үйрендім».

**Әбілхан Қастеев**

Дереккөзі: <https://bilim-all.kz/>  
Сурет: <https://aқиqat.kazgazeta.kz/>



# Мемлекет басшысы Халықаралық әйелдер күніне арналған салтанатты іс-шарада сөз сөйледі



Президент Қасым-Жомарт Тоқаев салтанатты іс-шараға қатысушыларды көктемнің шырайлы мерекесі – Халықаралық әйелдер күнімен құттықтады.

– Бұл мейрам – мейірім мен жылулықтың, даналық пен сұлулықтың нышаны. Әйел – тіршіліктің тірегі, берекенің бастауы. Бұл – ақиқат. «Бесікті де, әлемді де тербеткен» әйелдің жүрегі – ізгіліктің мекені. Сондықтан әйелдің қадірі – елдің қадірі деп айтсақ артық болмайды. Бүгін мен Ақорда төрінде Сіздерге және барша Қазақстан әйелдеріне зор ризашылығымды және алғысымды айтамын. Халқымыз қай заманда да анасын ардақтаған, қарындасына қорған болған, қыздарын сыйлап, төрінен орын берген, – деді Мемлекет басшысы.

Президент мерекелік жиында Қазақстанның әлеуметтік-экономикалық және мәдени дамуына елеулі үлес қосып, өз кәсібінде жоғары табысқа жеткен әйелдерді мемлекеттік наградамен марапаттады.

<https://akorda.kz/> алынды.



## Аралды құтқарудан бастап «жасыл мектептерге» дейін: Орталық Азия жастары RES-2026 саммитінде климаттық дағдарыспен күресу үшін күш біріктіреді

Қазақстан мен Орталық Азия елдерінен келген 100-ден астам жас эко-белсенділер мен көшбасшылар климаттық дағдарыспен күресу үшін күш біріктіреді. 2026 жылдың 24 сәуірінде Астанада ауқымды Өңірлік экологиялық саммит (RES-2026) аясында БҰҰ Балалар қорының (ЮНИСЕФ) «Болашақ экожүйе: балалар мен жастар тұрақты даму сәулетшілері ретінде» атты арнайы жастар воркшобы өтеді.

ЮНИСЕФ-тің ҚР Оқу-ағарту министрлігімен, сондай-ақ ҚР Экология және табиғи ресурстар министрлігімен бірлесіп ұйымдастырған бұл іс-шарасы өңірлік экологиялық диалог үшін бірегей алаңға айналмақ. Орталық Азияның түкпір-түкпірінен жиналған 16 мен 25 жас аралығындағы жастарды, БҰҰ сарапшыларын, бизнес және үкімет өкілдерін қамтитын 150-ге жуық қатысушы қоршаған ортаны қорғауға бағытталған практикалық шешімдерді бірлесе әзірлейді.

ЮНИСЕФ-тің Қазақстандағы Өкілі доктор Рашед Мустафа Сарвар былай деп атап өтті: «Балалар мен жастар - бүгінгі қабылданып жатқан климаттық шешімдердің салдарымен бетпе-бет келетін және сол жағдайда өмір сүретін буын. Біздің ЮНИСЕФ-тегі басты міндетіміз - олардың үні жоғары деңгейде естілуі үшін тиісті алаң ұсыну. Орталық Азия жастарының басын қосу арқылы біз бүкіл аймақтың тұрақты әрі қауіпсіз болашағына инвестиция құйып отырмыз».

Пікірталастың басты тақырыптарының бірі «Жасыл мектептер» өңірлік платформасы (RGSP) болмақ. «Жасыл мектептерді» дамыту – экологиялық сананы қалыптастырудың іргетасы ретінде қарастырылады. Қатысушылар білім беру мекемелерін тұрақты даму орталықтарына қалай айналдыруға болатынын талқылайды. Мұндай орталықтарда балалар климат туралы теориялық білім алып қана қоймай, ресурстарды үнемдеу технологияларын іс жүзінде қолданып, болашақ мамандықтарына қажетті «жасыл» дағдыларды меңгеретін болады.

Мектептерден бөлек, жас делегаттар интерактивті форматта су ресурстарын басқару, ормандарды сақтау, айналмалы (циклді) экономиканы дамыту және климаттық



мәселелерді шешуде жасанды интеллект мүмкіндіктерін пайдалану салаларындағы шешімдер үстінде жұмыс істейді.

Воркшоп қорытындысы бойынша жастар командалары өз жобаларын мәртебелі қазылар алқасына таныстырады. Олардың жұмысының нәтижелері RES-2026 Өңірлік экологиялық саммитінің қорытынды құжаттарына біріктірілетін Жастар мәлімдемесінің негізіне айналады деп күтілуде.

**ҚР Оқу-ағарту министрлігінің  
ресми сайтынан алынды.**





## «Қайым Мұхамедханов – 110 жыл: ҰЛТ РУХАНИЯТЫ, ҒЫЛЫМ ЖӘНЕ АБАЙТАНУ МӘСЕЛЕЛЕРІ»

2026 жылғы 26 ақпанда Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университетінің Филология факультеті ұйымдастыруымен «Қайым Мұхамедханов – 110 жыл: Ұлт руханияты, ғылым және абайтану мәселелері» атты халықаралық абайтанушылар симпозиумы және «Қайым Мұхамедханов атындағы Абайтану дәрісхананың» салтанатты ашылу рәсімі өтті. Халықаралық симпозиумның мақсаты – Қайым Мұхамедхановтың ғылыми мұрасын жаңаша пайымдау, оның ұлттық руханияттағы орнын айқындау және абайтану ғылымының өзекті мәселелерін талқылау болды.

Симпозиумды Филология институтының директоры, декан А.В. Танжарықова жүргізді. Университеттің Басқарма Төрағасы – Ректоры Болат Анапияұлы Тілеп құттықтау сөз сөйлеп, Қайым Мұхамедханов мұрасының ұлттық ғылым мен білім кеңістігіндегі тарихи маңызын ерекше атап өтті. Ғылыми жиынға Қазақстан мен шетелдің белгілі ғалымдары қатысып, мазмұнды баяндамалар жасады.

Атап айтқанда, М.О. Әуезов институты директоры, ҚР ҰҒА академигі Кенжехан Ісләмжанұлы Матыжанов, Шәкәрім университеті Басқарма төрағасы – Ректоры Думан Рымғалиұлы Орынбеков құттықтау сөз сөйледі. Алматы қаласы әкімдігінің мәдениет басқармасы осы тарихи оқиғамен келіп, құттықтады.

Сонымен қатар, отандық және шетелдік ғалымдар – Руда Зайкенқызы - Қазақ ұлттық қыздар педагогикалық университетінің профессоры, Бану Мұқатайқызы Нарбекова - Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университетінің проректоры, филология ғылымдарының





докторы, Смағұлова Ақмарал Төлеұғазықызы - Шәкәрім университеті, «Абай және ұлттық руханият» ғылыми орталығының басшысы, филология ғылымдарының кандидаты, Семей қаласы Хусейн Қаһраман Мүтлү - PhD, Афион Қожаттепе университетінің, профессоры, Түркия, Пралиева Гульзия Жайлауқызы – филология ғылымдарының докторы, профессор, Шаңбай Қасенұлы Тұрдығұл «Шәкәрімтану» орталығының директоры, Роза Гафаровна Буканова - тарих ғылымдарының докторы, Башқұртстан, Бекбосынов Марат Нұрғазыұлы - абайтанушы, филология ғылымдарының кандидаты, Кимберли Крук - ағылшын филологиясының профессоры, Оразбаева Фаузия Шамсиқызы - педагогика ғылымдарының докторы, ҚР ҰҒА академигі, Дәулет Сейсенұлы – жазушы, Қайымның шәкірті, Жабалбай Шойынбет - филология ғылымдарының кандидаты, «Хәкім Абай» ғылыми-зерттеу орталығының директоры, Берікжан Айтқұлұлы - педагогика ғылымдарының докторы, профессор, Мухамадиев Дәурен – Абай атындағы ҚазҰПУ Филология ғылымдарының кандидаты, Қайым Мұхамедхановтың ғылыми еңбектері, абайтану мектебінің қалыптасуы және ұлттық әдебиеттану

ғылымындағы орны туралы терең мазмұнды баяндамалар жасап, тың ғылыми тұжырымдар ұсынды.

Симпозиум барысында ғалымның өмір жолына арналған бейнеүзінді көрсетіліп, PhD докторы, Қайым Мұхамедханұлы атындағы Білім және мәдениет орталығының директоры Дина Қайымқызы Мұхамедхан естелік сөз сөйледі.

«Қайым Мұхамедханов атындағы Абайтану дәрісханасының» салтанатты ашылу рәсімі өтті. Ашылу барысында университет басшылығы мен зиялы қауым өкілдері жаңа дәрісхананың ашылуы – ұлттық руханиятты ұлықтау мен жас ұрпақты ғылыми-танымдық бағытта тәрбиелеудің маңызды қадамы екенін атап өтті. Қос шара аясында Қайым Мұхамедхановтың абайтану ғылымын дамытудағы тарихи рөлі, ұлттық әдебиеттану саласына қосқан өлшеусіз үлесі кеңінен талқыланып, ғылыми сабақтастық пен халықаралық ынтымақтастықты нығайту мәселелері көтерілді. Аталған игі бастамалар ұлттық ғылым мен руханият сабақтастығын айқындаған маңызды тарихи оқиға ретінде жоғары деңгейде өтті.

**Dina Mukhamedkhan-ның facebook парақшасынан алынды**





## БІР ӘННІҢ ТАРИХЫ: "КЕЛШІ АЙЫМ"

**Қазақ музыкасының тарихында тындарман жүрегіне ерекше әсер еткен, жылдар өтсе де ұмытылмай айтылып келе жатқан әндердің бірі – «Келші, айым». Бұл әнді естіген сәттен бастап оның бойынан бір жұмбақ мұң, сағыныш пен күту сезімі сезіледі. Көпшілік үшін бұл ән жай ғана махаббат туралы әуен болып көрінуі мүмкін. Алайда оның дүниеге келу тарихында шынайы өмірден туған ауыр тағдыр мен терең сезім жатыр.**

«Келші, айым» әнінің әуенін жазған – қазақтың белгілі композиторы Мәлс Өзбеков. Ол 1938 жылы Жамбыл облысы, Құлан өңірінде дүниеге келген. Қазақ музыка өнерінде өзіндік қолтаңбасын қалдырған сазгердің шығармалары тындарманға ерекше лиризммен, сезімтал әуенмен және қарапайымдылығымен жақын. Болашақ композитор бала кезінен музыкаға бейім болып өсті. Домбыра мен әнге құмарлығы ерте байқалып, мектеп жылдарынан бастап-ақ түрлі өнер үйірмелеріне қатысып, музыкалық қабілетін шыңдай бастайды. Музыкаға деген

осы қызығушылық оны кейін Алматыға алып келіп, консерватория қабырғасында білім алуға жетелейді.

Консерваторияда оқып жүрген шағында Мәлс Өзбековтің өмірінде тағдырлы кездесу орын алады. Сол жылдары ол Алматы медициналық институтында білім алып жүрген Айымзада есімді қызбен танысады. Жастық шақтың алабұртып тұрған кезі, арман мен үмітке толы уақыт еді. Екі жастың арасындағы сезім біртіндеп тереңдеп, олар бір-бірін шынайы жақын тартады. Қала көшелеріндегі серуендер, көл жағасындағы

кездесулер, болашақ туралы айтылған армандардың бәрі де жаңа ғана басталып келе жатқан мөлдір махаббаттың белгісіндей болатын.

Алайда жазғы демалыс басталған кезде олардың жолы уақытша екі айырылуға мәжбүр болады. Әрқайсысы өз ауылына қайтып, жаңа оқу жылы басталғанда қайта кездесуге уәделесіп қоштасады. Жаз бойы екеуі бір-біріне хат жазып, сағыныштарын сол хаттар арқылы жеткізіп тұрған. Қарапайым қағаз бетіне түскен сол сөздер жас жүректердің арасындағы нәзік байланысты сақтап тұрғандай еді. Бірақ уақыт өте келе Айымзададан келетін хаттар сирей бастайды. Соңғы хаттарының бірінде қыз: «Үйге хат жазба, ата-анам біліп қойса, ұят болады» деп ескерткен екен. Мәлс бұл сөзді түсіністікпен қабылдап, еш күмәнданбастан демалыстың аяқталуын күтеді.

**Күз түсіп, оқу жылы басталғанда Мәлс Алматыға үлкен үмітпен оралады. Бірақ ол армандаған кездесу енді ешқашан болмайтынын сол кезде білмеген еді. Курстас қыздардың бірінен ол Айымзаданың жазғы демалыс кезінде өзенге шомылып жүріп, суға батып кеткенін естиді. Бұл хабар жас жігіттің жан дүниесін төңкеріп жібереді. Күтпеген қайғы жүрегіне ауыр жара салып, оның бар үміті бір сәтте үзіліп кеткендей болады.**

Осы қайғылы хабардан кейін Мәлс ұзақ уақыт өзіне келе алмай жүреді. Сағыныш, өкініш, жүрекке түскен ауыр мұң оның жан дүниесін түгел билеп алады. Өткен күндердің елесі, бірге өткізген бақытты сәттер көз алдынан кетпей қояды. Сол кезде ішкі күйзеліс пен сағыныш біртіндеп әуенге айналып, жүректен шыққан сазға ұласады. Сөйтіп, жүректегі ауыр сезім мен мәңгілік сағыныштың үні болып «Келші, айым» әні дүниеге келеді. Бұл ән тек махаббат туралы лирикалық туынды ғана емес, орындалмай қалған арман мен жоғалған жастық сезімнің мұңды естелігі еді.

Әннің сөзін белгілі ақын Әбдірахман Асылбеков жазған. Ақын мәтінде сағыныш пен күту, жоғалған махаббатқа деген аңсарды нәзік әрі әсерлі жеткізе білген. Өлең жолдарынан алыста қалған сүйіктісін іздеген жанның ішкі күйзелісі, жүрек түкпіріндегі мұң анық сезіледі. Әсіресе әннің:

«Айдын көл, сен айтшы,

Самал жел, сен айтшы...» деген жолдары табиғатпен тілдескендей әсер қалдырып, жалғыздыққа душар болған адамның жан сырын бейнелейді.

Әннің әуені мен сөзі бір-бірімен табиғи үйлесім тапқан. Музыкатанушылардың пікірінше, шығарманың әуендік құрылымы аса күрделі емес. Дегенмен дәл осы қарапайымдылық оның халық арасына тез таралуына ықпал еткен. Әуеннің баяу, толқынды ырғағы ән мәтініндегі мұң мен сағыныш сезімін толықтыра түседі.

**«Келші, айым» әнінің кең таралуына 1975 жылы экранға шыққан «Гауһартас» көркем фильмі айрықша ықпал етті. Жазушы Дулат Исабековтің шығармасы желісімен түсірілген бұл туынды сол кезеңдегі қазақ киносының ең көрермен жинаған лирикалық фильмдерінің біріне айналды.**

Ауыл өмірінің шынайы көрінісін, адамдар арасындағы нәзік сезім мен тағдыр тартысын бейнелеген фильм көрерменнің жүрегінен орын алды. Фильмде актер Досхан Жолжақсынов домбырамен орындаған «Келші, айым» әні халыққа ерекше әсер қалдырды. Киноның бір көрінісінде баяу шертілген домбыра үнімен айтылған бұл ән фильмнің эмоционалдық өзегіне айналып, көрерменге терең әсер етті. Әуен мен кадрдағы көріністің үйлесуі әннің мұңды әрі лирикалық сипатын айқындай түсіп, оны көпшілікке бірден танытты.

Фильм экранға шыққаннан кейін «Келші, айым» әні ел арасында тез тарап, халық жиі орындайтын шығармалардың қатарына қосылды. Радио мен концерттік бағдарламаларда орындалып, түрлі сахналарда шырқала бастады. Көпшілік бұл әнді фильммен бірге қабылдап, оны қазақ музыкасының ең әсерлі лирикалық әндерінің бірі ретінде бағалады. Уақыт өте келе «Келші, айым» тек кино арқылы танылған ән ғана емес, қазақ тыңдарманының жадында сақталған, бірнеше буын қатар білетін шығармалардың біріне айналды.

**Автор: Ернар ІЗІМ,  
<https://e-history.kz/>**

# Тұран баһадүрлерін оқырманмен қауыштырған

Қайсар балалар жазушысы Оразбекұлы Кеңес аға кемеліне толған 70 жастың шыңына шығып, отбасының қадірлісіне, оқырманының ықылысына бөленген жан



## Құрметті Кеңес ОРАЗБЕКҰЛЫ!

Ғұмыр жасыңыздың жетінші белесі құтты болсын! Жасыңызға жас қосылып, кемелділіктен егде жасқа басқан қадамыңыз ғибратты шақтарға жалғассын! Қалам ұстап, жазуға ұмтылатын адамдар көп, алайда шынайы жазушы болу – сирек. Сіз жас кезіңізден ғұмырыңызды адамға ой салар, жас ұрпақ тәрбиесіне азық болар дүние жазуға бел байлапсыз. Сол жолда ерінбей, бастаған жазуларыңызды жарты жолда қалдырмай оқырманның туындыларыңызды іздеп оқитын авторына айналдыңыз. Байлық іздемедіңіз, нағыз байлық – адамның жандүниесін сәулелендіретін парасатты шығармаларда деп білдіңіз. Шығармашылыққа ғұмырыңызды арнадыңыз. Ғұмырыңызға азық еткен қаламыңыздан туындаған дүниелердің әлі нешеуі оқырманға жол тартсын дейміз.

Сізді даналық жасыңызбен шын жүректен құттықтап, Рая жеңгемізбен 100 жасап, қыздарыңыздың немере, шөберенің қызығын ұзағынан көру нәсіп болсын дейміз! Отбасыңыздан шаттық, береке-бірлік кетпей, шат-шадыман болып жүре берулеріңізге тілектеспіз! Сіздерге амандық, мықты денсаулық тілейміз!

Жүрегінде қайсарлық, жаны баладай нәзік болғанымен, бүгінгі ұрпақ үшін кесек-кесек туынды қалдырдым деп жазушылықты қайырып қоймаған Кеңес Оразбекұлы әлі де талай дүниені жарыққа шығарып балаларға сыйға тартуды мақсат етіп, ізденуден тынбай жүр.

Тау тұлға – аласармайтын ағаларға айтылғаны анық. Кеңес аға әдебиеттегі тау тұлғалы жазушылардың бірі десек, қателеспейміз. Қолына қалам алып, балалар тақырыбын зерттеп, ойларын ақ қағаз бетіне өрнектеп бірнеше кітап шығарды. Атап айтқанда, «Ертегі туралы ертегі», «Ай аттары қайдан шыққан?», «Мүшел жас» (2002), «Наурыз көже» (2007), «Қанатты сөз – қазына» (2010), «Тұран баһадүрлері немесе Ер, Би, Нұрдың ерлік жорықтары», «Ай аттары қайдан шыққан?», «Мүшел жас» (2002), «Наурыз көже» (2007), «Қанатты сөз – қазына» (2010), «Жарғақбас, Қылкөңірдек, Шибұттың шым-шытырық хикаялары», «(2020) кітаптарының авторы. «Барыс онға толғанда», «Бес саусақ хикаялары», «Жұмақтан түскен жеміс туралы жыр»,

«Көкбөрі», «Қыздарға не сыйлаймыз?», «Табиғат - аманат», «Үш мықтының айтысы», басқа да туындылардың авторы.

Кеңес Оразбекұлымен «Мөлдір бұлақ» журналының басшылығына келгенде (2004 жылы) таныстық. Журналист. Сөйлесе келе, жас оқырмандары қалыптасқан танымал жазушымен таныстық деп қуандық. Өте қарапайым, бірақ сөзі кесек-кесек ағамен он жылдан астам уақыт журналды бірге шығардық. Біздің басылымға келгенге дейін Республикалық «Егемен Қазақстан» (1989-1991), «Ұлан» газетінде (1991-2004) қызмет етіп, оқырманға кеңінен танылған тұлға ұжымды ұйымдастыра еңбек етті. Ұжым – «Мөлдір бұлақ» журналы. Шағын ұжымбыз. Балалар басылымы болғанымен, нағыз оқушылардың қайнаған шығармашылықтың ортасында еңбек еттік. Сол уақыттарда журналдан қате кету, араздасу, журналды мерзімінен кешігіп шығару деген болмапты.

Редакцияда бүгінгі ардагер апайымыз, полиграфияның майталман шебері-Шамшибану Шамшадинова, Кеңес Оразбекұлы, балалар жазушы-журналист Әділ Балта (марқұм), жас журналисттер – Айнұр Исаева, Тоғжан Талдыбаева, Айгүл Қанатова, Адина Еркараева, таратушы менеджерлер Әлімжан Қадыров, Қанат Есжанов бір-бірімізді түсініп, тату-тәтті журналдың алға басына жұмылдық. Бірлікте, ынтымақта еткен еңбегіміз нәтижесін беріп, оқырман санының көбейіп, басылымның таралу деңгейінің жылдан-жылға өсуіне септігін тигізді. 2006 жылы журналға Қазақстан журналистер Академиясының «Алтын жұлдыз» сыйлығы тапсырылды.

Редакциямызға әдеби қызметкер, балалар жазушысы Әділ Балта ағаны қабылдадық. Тұлғасы биік болғанымен, жаны балалардай, ақырын сөйлеп жай жүргенімен айтар ақсақалдық ақылы бар, көрген-білгені көп Әділ ағамен қалжыңымыз да жарасты. Ағаның қаламынан тамшыдай болып төгілген қысқа әңгімелері оқырманға ой салатын.





Мысалдары қаншама? Кейде «Аға ашулана ме екен?» деп өз-өзіме сұрақ қоятынмын. Халықаралық «Дарабоз» шығармашылық бәйгесінің жеңімпазы атанған екі ағамызды қолпаштап, марапаттау рәсіміне бардық. Жиыннан шыққан соң ағаларымызға:

— Конверттегі ақшалай сыйлықтарыңызды санауға көмектесейік, - деді қалжыңдап.

Тау қозғалса қозғалмайтын Балтабай аға «Несін санайсындар?» дегендей сыңай танытып, жылы жымыып алға қарай адымдай берді. Ақкөңіл Кеңес аға:

— Көшеде санайсындар ма, көптігінен шашылып



қалмасын, редакцияға барайық, - деп қалжыңдаса да шынын айтып тұр.

Ақылдастар алқасында халық жазушысы Мұзафар Әлімбаев, қазақ сагирасының саңлағы, Мемлекеттік сыйлықтың лауреаты Мыңбай Рәш ағаларымыз қарттық жасқа келдік демей, балалар шығармаларына талдау жасап,

пікірлерін журналға үзбей жарияладық.

Ағаның 50 жасқа толған мерейтойын ұжымда атап өттік. Жақсы тілектер айттық. Отанасы Рая Қалыбайқызымен, қос қызы – Гүлсезім, Гүлмінезбен таныстық. Ұжыммен бірге жүріп қызмет еткен он жылға жуық уақыт ішінде ағаның қаламынан редакцияға жолдаған жүздеген оқушының жазған дүниелері редакцияланды. Қаншама кездесулер өткізді. Шәкірттермен кездесе жүріп бала өмірімен шабыттанған жазушы Кеңес Оразбекұлының бала тақырыбына арнаған көптеген шығармалары оқырманымен қауышты. Әлбетте, жақсы идея бар жерде жақсы шығарма туындайды. Алайда, ойды шашыратпай, ой орамдарын бірінен кейін бірін жалғастырып жазу үшін уақыт керек. Тыныштық пен ойды тоғыстыру керек. Журналдың шығармашылық бөліміне тұтастай жауапкершілігіндегі ағаға шығарма жазуға ретін келтірмеді. Сондықтан, еркін, оқырмандарының арасында ұзағырақ жүріп, кездесуге, сұхбаттасуға уақытын арнау үшін жеке шығармашылықты таңдады.

Редакция қызметінде болмағанына қарамастан жазушымен ұжым қызметкерлері сәлемдесіп, амандық-саулық сұрасудамыз. Шығармашылықта жүрген жылдарда бірқатар шығармалары жинақ болып басылды. Кітабы туралы естіп-білген корейлік жазушылар қызығып, Корея мемлекетіне кездесуге шақырды. Онда балалар жазушыларымен кездесіп, тәжірибе алмасты. Бірде оқырмандарға арналған жиында кездесіп қалдық. Қолындағы қағаз қоржыны қампайып, жинап жүрген қаншама әңгімелердің тізімін қызыға оқып шықтық. Баспадан басылып шыққан кітаптары да дүкен сөрелерінде ұзақ тұрмай, оқырманын табуада.

Ізденісін жалғастырып, қаншама дүниені жинастырып, реті келсе бүгінгі әдеби руханияттан алыстап, телефонды өміріне байлаған ата-ананы да, баланы да селт еткізіп, назарын рухани дүниеге бұрғызар шығармаларыңыз мольнан туындай берсін!

Ұзақ үзілістен кейін Рая жеңгемізбен хабарласып, хал-жағдай сұрастық. Ағаның хәлін сұрадық.

— Ағаларың бір қалыпты. Қопыраған қағаздың ортасында отыр. Қайсыбірін жинап қойды, қайсыбіріне деректер жетпейді деп тарихтың қойнауын ақтаруда. Не болса да аман болсын, ағаларыңның алғашқы оқырманы, идея айтқышы, хатшы-референтті, сыншысы өзіммін, - деп әзіл-шыны аралас жауап берді.

Жеңгеміз айтқандай, Кеңес аға қайтсем қазақ балаларына жанын жадыратар қазіргі заманға лайық тарихты тереңінен білетін шығарма ұсынамын деп, тақырып-тақырыпқа бөлген парақтарын артып алып, күнде кітапхананы бетке алады. Кітапхана – тарихтың қойнауы, рухани байлықтың қазынасы. Өне, ағамыз жинағандарын толықтыру үшін Ұлттық кітапхана есігін айқара ашып, кіріп барды.



**Игі тілек, ізгі ниетпен:**  
**Республикалық**  
**«Farabi shakirti» журналы**  
**мен [www.farabishakirti.kz](http://www.farabishakirti.kz)**  
**желілік басылым**  
**сайтының ұжымы.**  
**Ж.Кучукова,**  
**«Мөлдір бұлақ» журналының**  
**2005 – 2018 жылдарғы**  
**бас редакторы**

Thermo-Calc бағдарламалық кешенінде есептеулер жүргізу



## ӨНДІРІС ҮШІН ҒЫЛЫМ: Жаңа технологиялар Қазақстандағы болат сапасын қалай жақсартады

Қазіргі заманғы өнеркәсіп конструкциялық материалдардың сапасына барған сайын жоғары талаптар қояды. Тау-кен металлургия кешенінде, машина жасау және энергетика салаларында қолданылатын жабдықтар қарқынды жүктемелер, жоғары тозу және температуралық әсерлер жағдайында жұмыс істейді. Мұндай жағдайларда бөлшектердің ұзақ мерзімділігі мен материалдардың сенімділігі кәсіпорындардың тұрақты жұмысы мен олардың экономикалық тиімділігінің негізгі факторларына айналады.

Жауапты бөлшектерді өндіруге арналған негізгі материалдардың бірі күрделі легірленген болаттар болып қала береді. Олардың беріктігі мен тозуға төзімділігі жоғары, алайда оларды дайындау кезінде құрылымның біртекті болмауына, ішкі ақауларға және қасиеттердің тұрақсыздығына байланысты мәселелер жиі туындайды. Бұл факторлар бұйымдардың мерзімінен бұрын тозуына, жабдыққа қызмет көрсету шығындарының артуына және өндірістік

сенімділіктің төмендеуіне әкеп соғуы мүмкін.

Болат сапасын арттырудың дәстүрлі әдістері — легірлеу дәрежесін арттыру және термиялық өңдеу режимдерін күрделілендіру — қазіргі уақытта өз шегіне жетті. Қосымша легірлеу өнімнің өзіндік құнын айтарлықтай жоғарылатады, ал технологиялық процестерді күрделілендіру соңғы нәтиже тұрғысынан әрдайым өзін-өзі ақтамайды. Осыған байланысты құрамды өзгертуге емес, металл құрылымын басқаруға бағытталған



жақсарғаны, тозуға төзімділіктің артуы және бұйымдардың қимасы бойынша қасиеттердің біркелкі бөлінуі атап өтілді. Бұл ауыр пайдалану жағдайларында қолданылатын жауапты мақсаттағы бөлшектер үшін өте маңызды.

Әзірленіп жатқан шешімдердің практикалық бағыты ерекше назар аударуға тұрарлық. Ұсынылып отырған технология қолданыстағы өндірістік қуаттарды пайдалануға бағытталған және жабдықтарды күрделі жаңғыртуды талап етпейді. Бұл кәсіпорындарға ғылыми әзірлемелерді нақты өндірістік процестерге аз шығынмен және технологиялық тәуекелдермен енгізуге мүмкіндік береді, бұл әсіресе орта және ірі машина жасау саласы үшін өзекті.

Мұндай технологияларды дамыту мен енгізу Қазақстан экономикасы үшін стратегиялық маңызға ие. Отандық болаттардың сапасын арттыру импорттық материалдарға тәуелділікті төмендетуге, қосымша құны жоғары өнімдер түрін кеңейтуге және қазақстандық өндірушілердің ішкі және сыртқы нарықтардағы позицияларын нығайтуға ықпал етеді.



**КУЛИКОВ Виталий Юрьевич,**  
т.ғ.к., профессор, 2020 жылғы әл-Фараби атындағы ғылым мен техника саласындағы мемлекеттік сыйақы лауреаты, «Әбілқас Сағынов атындағы Қарағанды техникалық университеті» КеАҚ,

«Металлургия және жаңа материалдар» кафедрасының профессоры



**ДОСТАЕВА Ардак Мухамедиевна,**  
PhD доктор, профессор, «Әбілқас Сағынов атындағы Қарағанды техникалық университеті» КеАҚ, «Металлургия және жаңа материалдар» кафедрасының профессоры

технологиялар ерекше өзектілікке ие болуда.

Дәл осындай тәсіл «Әбілқас Сағынов атындағы Қарағанды техникалық университеті» КеАҚ жүргізіп жатқан ғылыми зерттеулерде іске асырылуда. Мәселен, университет ғалымдары BR24993020 «Балқымаға әсер ету синергиясы есебінен біртекті құрылымы бар күрделі легіріленген болаттарды дайындау технологиясын әзірлеу және енгізу» бағдарламасын (ғылыми жетекшісі – проф. А.З. Исағұлов) орындау шеңберінде балқыманы алу және кристалдану процесінде оған кешенді әсер етуге негізделген технологиялық шешімдерді әзірлеуде. Модификациялаушы және инокуляциялаушы қоспаларды сыртқы физикалық факторлармен ұштастыру болаттың құрылымын мақсатты түрде қалыптастыруға және оның пайдалану қасиеттерін жақсартуға мүмкіндік береді.

Мұндай технологиялық әдістерді қолдану құрылымдық біртектіліктің төмендеуіне, ақаулардың пайда болу бейімділігін азайтуға және дайын бұйымдар сапасының тұрақтылығын арттыруға ықпал етеді. Эксперименттік және тәжірибелік-өндірістік зерттеулердің нәтижелері бойынша бөлшектердің жұмыс ресурсының



# «АЛҒЫС - ЖҮРЕК ТЫНЫСЫ»

«Алғыс алған - абырой» деген түркінің ұлы ойшылы – Сағдидың қанатты сөзін негіз етіп, алғыс айту күніне орай Олег Кошевой атындағы шағын жинақты жалпы білім беретін білім мекемесі және Тастұмсық ауылдық кітапханасының бірлесе ұйымдастыруымен «Алғыс - жүрек тынысы» атты этностық кеш өтті.

Кешті «О. Кошевой» атындағы ШЖЖОМ директоры - Исламқұлов Берік сөз алып:

— Алғыс айту, алғыс алу – ұлттық тәрбиенің ажырамас бір бөлігі. Көктемнің алғашқы күні жер-Ананың жаңару кезеңімен тұспа-тұс келген мерекені еліміз халқы 2016 жылдың 1-наурызынан атап өтіп келеміз. Бұл күннің мән-мағынасын әр отбасы үйінде балаларына түсіндіріп, алғыс айтудың маңызына тоқталады деп білемін. Ата-анаға, тілі басқа болғанымен жүрегі бір көршілерімізге, әріптестерімізге, олардың қазақ халқына айтар алғысы жүректен шығып, күнде жүрекке жетіп жатса, міне нағыз ризашылықтың гүлденгені, -деп мектеп мұғалімдерінің осынау қайырымы мол іске риясыз қосып келе жатқан үлесіне тоқталды.

Тарих табыстырған бауырлас ұлттың өкілдері мемлекет құраушы ұлт өкілдеріне алғыс айтып, бірлігімізді нықтай түсуге арналған іс-шараға Түркістан облысы қоғамдық даму басқармасы «Қоғамдық келісім» КММ-і Түлкібас аудандық филиалының мамандары, Тастұмсық ауыл округі ардагерлер кеңесінің төрағасы, түрік этномәдени бірлестігінің төрағасы мен мүшелері, Тастұмсық ауылдық округі аналар кеңесінің төрайымы мен мүшелері, Жыланды ауылының биі, Жаскешу ауыл округі әкімінің орынбасары мен Жыланды ауылындағы ардагерлер қатысты.

Іс-шарада Г. Бельгердің хаттары негізінде «Алғысым қазақ халқына» атты тарихи монологтық қойылым оқырмандар назарына ұсынылды. Жас оқырмандар бауырластық және алғыс айту күніне арналған өлеңдер оқыды. Қазақ,

орыс, түрік, әзірбайжан, тәжік сынды халықтардың ән - билерімен жалғасты.

О.Кошевой жалпы білім беретін білім мекемесінің кітапханашысы Тамаша Османова «Алғыс айта білесіз бе?» атты психологиялық сауалнама жүргізсе, Тастұмсық ауылдық кітапханасының кітапханашысы «Ұлт тірегі - татулық» атты баяндамасымен таныстырды. Кітапханашылар «Татулықтың бесігі - Қазақстан» атты кітап көрмесін таныстырды.

«Алғыс айту - адамдық тамыры» атты арнайы сюжет көрсетілді.

Түрік этномәдени бірлестігінің мүшесі Ахмедов Алладин:

— Тәуелсіз мемлекетімізде жыл сайын 1 наурыз - алғыс айту мейрамын атап өтеміз. Бірлік пен берекенің арқасында тұрақты дамудамыз. Елдің ырысы асып, берекесі тасуда. Мемлекетіміздің дамуына әр қазақстандық секілді біз де үлесімізді қосып, болашақ үшін еңбек етудеміз, - деп атап өтті. Тастұмсық ауыл округі ардагерлер кеңесінің төрағасы Тулемисов Әбдікәрім, Алғыс айтудың мәні мен тағлымының жас ұрпақ тәрбиесінде алатын орны туралы ойын ортаға салды.

— Ақын Мұхтар Шаханов: «Өсер елдің қай кезде де бірлік болмақ қалауы» - деп жырлаған. Бірлік - бәрінің бастауы. Тәуелсіздіктің 35 жылында рухани келісім мен шынайы достық - елдік мұраты. Осы мұраттан айнымайық! - деп көпшілікті құттықтап, ақжарма тілегін айтып, ақ батасын берді.

**ТОПАНБАЙ Мейірхан Мейрамбекұлы,**  
Түлкібас аудандық орталықтандырылған  
кітапханалар жүйесі Тастұмсық ауылдық  
кітапханасының кітапханашысы,  
Ф.ғ.к.аға оқытушы Кайырбекова Ұ. С.  
Ә. Қуатбеков атындағы Халықтар достығы  
университетінің  
«қазақ тілі мен әдебиеті» білім бағдарламасының  
магистранты





сақталды. Ол да өз бейнесін жасырып, қоғамдағы теңсіздікпен күрескен кейіпкер еді.

Қазақ әдебиетінде де халық мүддесін жеке басынан жоғары қойған тұлғалар аз емес. Батырлар жырындағы кейіпкерлер ел үшін жанын пида етуге дайын бейнеде суреттеледі. Ал Абай шығармаларында адамгершілік пен мейірім – адам болмысының ең биік өлшемі ретінде қарастырылады. Ұлы ойшылдың «Адамзаттың бәрін сүй, бауырым деп» деген қағидасы бүгінгі қайырымдылық қозғалыстарының рухани негізіндей әсер қалдырады.

Осы тұрғыдан алғанда, «Бетпердедегі адам» – әдеби идеалдардың шынайы өмірдегі көрінісі іспетті символдық бейне.

#### **Әлеуметтік желіден туған сенім феномені**

Қазіргі Қазақстанда қайырымдылық мәдениеті жаңа кезеңге өтті. «Бетпердедегі адамның» Instagram парақшасында жарияланған көмектер миллиондаған қаралым жинап, қоғам назарын мұқтаж жандар мәселесіне аударды. Су тасқынынан зардап шеккен отбасыларға үй алып беруі, ауыр науқас балалардың еміне қаражат жинауы – оның қызметінің тек бір бөлігі ғана.

Ең маңыздысы – оның тұлғасын құпия ұстауы. Бұл әрекет қоғам назарын жеке адамнан гөрі жасалған игілікке бағыттайды. Қазақ дүниетанымындағы «жақсылық жаса да, жария етпе» қағидасы осындай әрекеттер арқылы жаңаша сипатқа ие болып отыр.

#### **Қазіргі заманның рухани кейіпкері**

Бүгінгі ақпараттық ғасырда атақ пен танымалдық басты құндылықтардың біріне айналғаны жасырын емес. Осындай уақытта өз бейнесін әдейі жасырған қайырым иесінің пайда болуы – әлеуметтік әрі философиялық құбылыс.

«Бетпердедегі адам» нақты бір тұлғадан гөрі қоғамдық үміттің символына айналды. Ол қоғамға бір маңызды ой салады: шынайы батырлық – жария мақтауда емес, адам өміріне жарық сыйлауда.

#### **Үнсіз жасалған ерлік**

Қазақстан тарихында халық қамын ойлаған тұлғалар әр дәуірде болған. Олар ел жадында есімдерімен ғана емес, жасаған істерімен сақталды. Бүгінгі цифрлық дәуірде сол дәстүр жаңа сипат алып отыр.

«Бетпердедегі адам» – қоғамдағы мейірім мен жанашырлықтың қайта жаңғыруының айқын белгісі. Оның бейнесі нақты бір адамның портретінен әлдеқайда кең ұғымға айналды. Бұл – үміттің, сенімнің және адамгершіліктің символы.

Қоғамға кейде үлкен өзгеріс жасау үшін атақты тұлға емес, жүрегі үлкен адам жеткілікті. Бетперде артында тұрған жан кім болса да, оның ісі ел санасында бір шындықты бекітті: жақсылықтың дауысы кейде үнсіз шығады, бірақ оның жаңғырығы халық жүрегінде ұзақ сақталады.



**ТАҢАТАР Нұрайна,  
Атырау облысы,  
Құрманғазы ауданы,  
«Абай атындағы жалпы  
орта мектебінің»  
10-сынып оқушысы.  
Жетекшісі: Айдана  
Әділханқызы,  
Қазақ тілі мен әдебиеті  
пәндерінің мұғалімі.**

# Бетперде арқалаған үміт

Қазір Қазақстанда үнсіз жасалған жақсылықтың жаңа дәуірі басталды ма?

Қоғам кейде өз кейіпкерлерін күтпеген жерден табады. Олар мінберге шықпайды, марапат сұрамайды, тіпті жүзін де көрсетпейді. Бірақ олардың әрекеті мыңдаған адамның тағдырын өзгертеді. Соңғы жылдары Қазақстанда халық жүрегінен ерекше орын алған тұлғалардың бірі – «Бетпердедегі адам». Оның аты белгісіз болғанымен, ісі елге таныс. Кепка мен маска астына жасырынған бұл қайырым иесі мұқтаж жандарға баспана алып беріп, ауыр дертке шалдыққан балалардың еміне қаржы жинап, тағдыр тауқыметін тартқан отбасыларға тірек болып келеді.

Бұл құбылыс тек әлеуметтік желідегі тренд емес. Бұл – қоғамның рухани тамырымен сабақтасқан тарихи әрі мәдени феномен.

#### **Ұлттық жадыдағы жасырын жомарттық**

Қазақ қоғамында қайырымдылық ешқашан жария көрсетілім болмаған. Көшпелі өмір салты кезінде қалыптасқан «асар» дәстүрі халықтың бірлігі мен жанашырлығының айқын көрінісі еді. Қиындыққа тап болған отбасының үйін тұрғызу, малын қайтарып беру, тіршілігін түзету – ата-бабаларымыз үшін азаматтық парыз саналды.

Бүгінгі күні «Бетпердедегі адамның» әрекеті сол асар дәстүрінің цифрлық дәуірдегі жалғасы іспетті. Бұрын бір ауыл жұмылса, қазір бір пост арқылы тұтас ел көмектеседі. Оның әлеуметтік желі арқылы ұйымдастырған қайырымдылық акциялары халықтың ұжымдық жауапкершілік сезімін қайта оятқандай.

#### **Әдебиет пен аңыздағы жасырын батыр бейнесі**

Жасырын жақсылық жасаушы тұлғалар адамзат мәдениетінде ертеден бар. Батыс әдебиетіндегі Робин Гуд – әділет пен теңдіктің символы ретінде халық санасында



Зерттеулерге сүйенсек, маңдайға тағылатын күмістен жасалған әшекейлер бізге туыстас түркі халықтарында, соның ішінде қырғыздар мен түркі елдерінде кең тараған. Alinlik – түрік тілінен аударғанда «маңдайлық» деген мағынаны білдіреді. Түркі халықтарында шекеге тағылатын күміс әшекейлер болғанымен, қазақ әйелдерінің дәстүрлі әшекейлер жүйесінде маңдайды жауып тұратын бұйым кездеспейді.

Халық даналығында «Тағдырың маңдайыңа не жазылса, соны көресің» деген ұғым бар. Осы ұғымға сәйкес, қазақтар маңдайды жаппаған, оны ашық қалдырған. Қазақ әйелдері бас киім ретінде сәукеле, такия, төбетей киген, ал әшекей ретінде шолпы, сырға, алқа, білезік таққан. Бірақ шекеге тағылатын әшекей болмаған. Қазақтың әшекейлерінің әрқайсысында өзіндік тәрбиелік, символдық мәні бар. Соның бірі - шолпы. Ол тек сән үшін емес, қыз баланың әдебі мен жүріс-тұрысын қалыптастыруға қызмет еткен. Шолпының сылдыры қыздың байыпты, жинақы жүруіне ықпал еткен. Мәселен, шолпы шаштың ұшына тағылып, шашпен бірге өріліп, бұрымға сән берген. Қыз бала қатты күлсе, артық қимыл жасаса, шолпының сылдыры арқылы ескерту алған.

Бұл ойды халқымыздың рухани мұрасынан да көруге болады. Мысалы Баян Сұлу бейнесі соның дәлелі. «Қозы Көрпеш - Баян Сұлу» жырында Баянның көркі мен қайсарлығы ерекше суреттеледі. Жазушы Сәтімжан Санбаев нұсқасында «тастай ауыр шолпы таққан Баян Сұлудың бұрымы құдықтың түбіне дейін жетті» деп баяндалады. Қодар су алып жоғары көтерілген сәтте, Баян өз бұрымын қиып жіберіп, Қодарды құдыққа құлатады. Тереңге құлаған кезде шолпының үні ғана еміс-еміс естіледі. Бұл көрініс шолпының қазақ қыздарының өміріндегі орнын, оның тек әшекей емес, символ екенін көрсетеді.

Қазақ ұлттық әшекей бұйымдар – мәдениетіміздің ажырамас бөлігі. Әрбір әшекейдің өзіне тән мағынасы, терең ұғымы бар. Ата – бабамыздан мирас болып қалған ұлттық бұйымдар тарихын білу мен оны насихаттау әрбіріміздің парызымыз!



**МАМАНОВА Мадина,**

Алматы қаласы Білім басқармасы

«172 мектеп – гимназиясының» 11 сынып оқушысы

Дереккөз: <https://www.instagram.com/reel/>


Сурет: <https://dalatimes.kz/akparat/kazak-halkynyn-ulttyk-kiimderi/>

## Қазақтың ұлттық әшекей бұйымы: қыздар шекелік таққан ба?

**«Әшекейі жоқ әйел – жапырағы жоқ ағашқа тең» демекші, әшекей тағудың астарында үлкен мән жатыр. Қазір заман талабына сай этно стилдегі әшекей бұйымдар мен киімдер көптеп шығарылып, қоғамда кеңінен танымал бола бастады. Солардың бірі маңдайға тағылатын - шекелік. Алайда тарихқа үніліп қарасақ, бүгінде қазақтың ұлттық әшекейі ретінде қабылданып жүрген бұл бұйым шын мәнінде қазақ халқында болмаған.**

# Шындық пен жалғанның арасы:

жасанды интеллект дәуіріндегі адам бейнесі



(Сурет: @istockphoto.com)

Бүгінде бір ғана фото немесе қысқа видео адамның тағдырын өзгертуі мүмкін. Жасанды интеллекттің дамуы адамдарға суретті өңдеуге, дауысты өзгертуге, тіпті адамның бейнесін мүлде басқа әрекет жасап тұрғандай етіп көрсетуге мүмкіндік берді. Мұндай технология әлемде Deepfake деп аталады.

Deepfake – жасанды интеллект арқылы адамның бет-бейнесін, дауысын немесе қимылын өзгертіп, шынайы көрінетін жалған фото мен видео жасау технологиясы. Бүгінде мұндай контентті жасау үшін арнайы студия немесе қымбат техника қажет емес. Кейбір бағдарламалар мен мобильді қосымшалар арқылы кез келген адам бірнеше минутта жалған бейне жасай алады.

Мәселе – бұл технологияның кейде адамдарды алдау немесе біреудің беделіне нұқсан келтіру үшін қолданылуында.

Әлеуметтік желілерде жалған фото немесе видео тез тарайды, ал оның жалған екені кейін ғана анықталуы мүмкін. Сол уақытқа дейін ол мыңдаған адамға жетіп, түрлі пікір тудырады. Мұндай жағдайлар адамның жеке өміріне ғана емес, қоғамдағы сенімге де әсер етеді.

Бұл жерде маңызды сұрақ туындайды: біз экраннан көрген әр ақпаратқа қаншалықты сенуіміз керек? Егер кез келген бейнені жасанды интеллект өзгерте алса, онда шындықты қалай ажыратамыз?

Ал ертең біреудің фотосын пайдаланып жалған видео жасалса, адамның жеке құқығы қалай қорғалады?

## ӘЛЕМДІК ЗЕРТТЕУЛЕР НЕ ДЕЙДІ?

Халықаралық зерттеулерге сүйенсек, 2023–2024 жылдары deepfake алаяқтығы әлем бойынша бірнеше есе артқан. Мысалы, киберқауіпсіздік саласындағы зерттеулерде 2024 жылы deepfake арқылы жасалған қаржылық алаяқтық 700%-ға дейін өскені айтылған. Сонымен қатар сарапшылардың болжамынша, 2026 жылға қарай онлайн алаяқтықтың едәуір бөлігі жасанды интеллект көмегімен жасалуы мүмкін. (Sumsb зерттеуі)

Алаяқтар көбіне адамдардың эмоциясына әсер ететін әдістерді қолданады. Мысалы, олар әлеуметтік желідегі

видео, фото немесе дауыс жазбаларын жинап, сол адамның жалған бейнесін немесе дауысын жасайды. Кейін сол бейнені пайдаланып, туыстарына немесе әріптестеріне хабарласып, шұғыл ақша сұрайды.

Мұндай жағдайлар түрлі сценариймен жүзеге асады. Мысалы, қызметкерге компания басшысы сияқты көрінетін адам хабарласып, «шұғыл төлем жасау керек» деп талап етуі мүмкін. Немесе адамға баласының немесе туысының дауысына ұқсас дыбыс жазбасымен хабарласып, «апатқа түстім, ақша керек» деп сендіреді. Бейне мен дауыс шынайы көрінгендіктен, адамдар көбіне тексермей сеніп қалады. Мамандардың айтуынша, мұндай алаяқтықтың басты себебі – адамның эмоциялық реакциясы. Қорқыныш, асығыстық немесе жақын адамға деген сенім адамды тез шешім қабылдауға мәжбүрлейді. Нәтижесінде жәбірленуші ақша аударып немесе жеке мәліметтерін беріп қоюы мүмкін.

## МӘСЕЛЕНІҢ ШЕШІМІ ҚАЛАЙ БОЛМАҚ?

Сондықтан сарапшылар бірнеше сақтық шараларын ұсынады:

\*Ең алдымен, кез келген күмәнді хабарламаны міндетті түрде тексеру керек.

\*Егер ақша туралы шұғыл өтініш түссе, сол адамның өз нөміріне қайта қоңырау шалу ұсынылады.

\*Сонымен қатар банк картасының деректерін, SMS кодтарын немесе жеке мәліметтерді ешкімге бермеу қажет.

\*Тағы бір маңызды қадам – әлеуметтік желілердегі жеке ақпаратты шектеу. Ашық жарияланған фото, видео және дауыс жазбалары алаяқтар үшін дерек көзі болуы мүмкін. Сол себепті құпиялық баптауларын дұрыс реттеу де қауіпсіздікке көмектеседі.

Егер адам алаяқтықтың құрбаны болса, ең алдымен банкке хабарласып, шотты бұғаттау, содан кейін құқық қорғау органдарына жүгіну керек. Сонымен қатар дәлел ретінде қоңыраулардың жазбасын, скриншоттарды және ақша аударым деректерін сақтау маңызды.

Жасанды интеллект – үлкен мүмкіндік. Бірақ оны жауапсыз қолдану қоғам үшін жаңа қауіптер туғызуы мүмкін. Сондықтан технология дамыған сайын адамдардың медиа сауаттылығы мен жауапкершілігі де бірге дамуы тиіс.



**Мадина ҚАНАТҚЫЗЫ,**  
Шымкент қаласы,  
ЖШС «Қазыбек» ЖББМ-  
нің 11-сынып оқушысы

*Қолданылған дереккөздері:*  
Qyzylorda News – <https://kuzylorda-news.kz>; Sumsb – Identity Fraud Report  
Sensity AI – Deepfake Research; World Economic Forum – Global Risks Report

Deloitte – Cybersecurity Research

# Асқар тау әкемді ойлап...

Ата-анам барда менің жүрегімде балалық бар еді. Немере сүйсем де әкеме бір, анама бір еркелеп, ғұмыр жасымды сезбейтінмін. Иә, жылдар алға қарай жылжыған сайын қарияларымыз өмірден көшеді, артында ұрпағы қалып арулап мәңгілік мекеніне тапсырады. Марқұмның қырық күндік асына дейін бейсенбі сайын дастархан жайып, рухына Құран-дұға бағыштайды. Дүниеден өткеніне қырық күндік асын, одан жылдық асын өткізіп, ұл-қыздары өмірін жалғастыра береді. Бір қарағанда, солай көрінеді, алайда әр баланың жүрегінде ата-анаға деген сағынышы басылмайды. Көкіректе бір арман қалады.

Міне, мен әкемді ойлап толғанып, келмеске мінген кемесін кері қайтара алмай отырмын. Жақында ғана менің әкем – Мустафаұлы Әзез бақилық болды. Ол бүкіл ғұмырын адал еңбекке арнап, ел құрметіне бөленген жан. Әкем фәни дүниеде саналы ғұмырында 40 жыл бойы мал шаруашылығы саласында жемісті еңбек етті. Шығыстың қақаған аязы мен боранында, жаздың аптап ыстығына қарамай, төрт түліктің бабын тауып, ауыл шаруашылығының дамуына өз үлесін қосты. Мал бағу – үлкен төзім мен жауапкершілікті талап ететін еңбек. Әкем осы жолда табандылық танытып, еңбекқорлықтың үлгісін көрсетті.

Ол – тыл ардагері. Ел игілігі үшін тынымсыз еңбек етіп, қиын кезеңдерде шаруашылықты көтеруге атсалысты. Адал еңбегі лайықты бағаланып, аудан және округ тарапынан бірнеше мәрте марапатталып, алғыс

хаттар мен құрмет грамоталарына ие болды. Бұл – оның тындырымды еңбегінің бағаланғанының айғағы.

Мустафаұлы Әзез – ақжарқын, кеңпейіл, мейірімді жан. Ауылдастары оны сыйлап, ақыл сұрап, үлгі тұтатын. Біз үшін ол – тек әке емес, өмірлік ұстаз, сабыр мен парасаттың символы.

Осындай асқар таудай әкем барын мақтан етемін. Оның адал еңбегі мен адамгершілігі – бізге қалдырған ең қымбат мұрасы. Немерелерінің аласармас асқар тауы, тірегі бола білген атасын еске алып, сағынышы мен көңілін өлең арқылы білдіруде.

Әкеммен қоштаса отырып, анамды еске алмай кетсем, перзенттік парызым орындала ма? «Анаңды үш рет Меккеге арқалап апарсаңда, Қарызыңнан құтылмайсың», «Анасы бар адамдар ешқашан қартаймайды» - деген екен халық даналығы. «АНА – ӨМІР ШУАҒЫ». Біздің



асыл анамыз – Әділқызы Загила. Ол 1942 жылдың 1 қаңтарында қарапайым отбасында дүниеге келіп, бүкіл өмірін отбасының бақыты мен берекесіне, балаларына арнады.

Анамыз – «Алтын алқа» алған ардақты ана. Әкеміз екеуі 15 баланы дүниеге әкеліп, үлкен әулеттің ұйытқысы болды. Әр перзентін мейіріммен тәрбиелеп, адалдыққа, еңбекқорлыққа, адамгершілікке баулыды. Оның аналық жүрегі бәрімізге бірдей жылу сыйлап, өмірімізге бағыт берді. Бүгінде қалған 12 ұл-қызынан 47 немере, 37 шөбере сүйген жандарды еске алып, рухына дұға жасап отырмыз. Әкем жастайынан еңбекке араласқан. Еңбек жолын механизатор болып бастапты. Бір үйдің жалғыз ұлы болғандықтан ата-анаға тірек, қарындастарына қамқоршы болды. Анамызбен отау құрып, шаңырақ көтерген соң, мал бағып шопан ата тұқымын көбейтуге



**Кенже күйеубаласы Ернармен**

күндіз-түн демей, адал еңбек етті. Анамызбен 55 жыл бірге өмір сүрді.

Анамыз он саусағынан өнері тамған шебер еді: тігін тігіп, көрпе құрап, тоқыма тоқып, ұл-қызын киіндіріп, отбасының қажет бұйымдарын өз қолымен жасайтын. Қыстың суығында балаларын жылы киіммен қамтамасыз етіп, қамқорлығын аямады. Әр бұйымында ананың ақ пейілі мен махаббаты сезілетін.

Анамыз сабырлы, ақкөңіл, кеңпейіл жан болды. Барға қанағат етіп, жоққа сабыр сақтап, шаңырақтың берекесін кіргізді. Қарапайым отбасынан шықса да, жүрегінің кеңдігімен, тәрбиесінің тереңдігімен айналасына сыйлы болды.

Біз үшін анамыз – таусылмас мейірімнің қайнары, өміріміздің шуағы. Оның өнегелі өмір жолы – бізге мәңгілік үлгі. Осындай асыл ананың перзенті болғанымызды мақтан етеміз. Ана есімі жүрегімізде мәңгі сақталады.

**Сандуғаш ӘЗЕЗҚЫЗЫ**

## АТАМНЫҢ РУХЫНА

Кеттіңбе, ата, мәңгілік мекеніңе.  
Уақыт келсе артыңнан жетемін бе?  
Қош бол, балам дегендей демінді алып,  
Кете бардың, кәлимаңды келтірдіңде.

Қош бол, ата әжеме сәлем айтқың,  
Рухтарыңыз райан бақта шалқысын.  
Жүздеріңіз нұрланып дұғаменен.  
Мәңгі мекен, жатқан жер жәннат болсын.

Ата сізден кейін ұран қалды,  
Алға деп алғалатқан балаң қалды.  
Алдыға жүр, артқа қарайлама деген сөзің,  
Жаңғырық боп жадымда мәңгі қалды.

Бір ғасырлық тарихыңыз есте қалар,  
Төртуылдың шежіресін жылдар жалғар.  
Атаң сенің өр тұлғалы бейнеңді,  
Бақанай ата жас кезіңді еске салар.

Ата менен сұраса тегің кім деп?  
Айқайлаймын Әзездің ұлымын деп.  
Айналайын, құлыным деген сөзің,  
Құлағыма ілеседі әуенмен кеп.



**Немереңіз:  
Әзезов Талант Ержанұлы**


## ӘЗЕЗ АТАҒА АРНАУ

Кеттің-ау, ата артқа қарамай,  
«Алға!» дегенінді артқа тастамай.  
Ұрпағың қалды-ау артыңда,  
Есімінді естен шығармай.


Жиснің Ролан жыр арнайды,  
Ұраныңды әрмен қарай жалғайды.  
Елге сыйлы тұлға болыпсың Ата,  
Мыңдаған адам рухыңа қол жайды.

Жис деп мені бөлмедіңіз,  
Қабағыңызды түймедіңіз,  
Туған атамды жоқтатпай,  
Қамқор ата бола білдіңіз.

Тарбағатай, Маңырақ,  
Бейненіз тұрар жарқырап.  
Аңыз адам едіңіз,  
Алып тұлға өзіңіз.  
Жүзінен күлкі кетпейтін,  
Жайдары жан едіңіз.  
Әр батаның соңында,  
«Мені сыйласаң,  
Алла сені сыйласын» дейтінсіз.  
«Алға!» - деп артқа қарамай,  
Өнегелі өмір сүрдіңіз!



**Ерлан Ролан Ерланұлы**



# «Қорықпаймын. Көмекшіге жүгінбеймін. Теңдесті тек таппадым»

Күні кеше Италияда өткен Қысқы Олимпиаданың гала концертінде отандасымыз Михаил Шайдоров «кунг-фу панда» костюмінде мұз айдынында өнер көрсетті. Чемпионның өнерін трибунадан көріп, тамашалаған Джеки Чан мырза өнеріне тәнті болып, ризашылығын білдірді. Шайдоров пен Чан мырза жылы-лебіздерімен бөлісіп естелікке суретке де түсті.

Белгілі актер Джеки-Чан 2026 жылдың басынан қазақстандықтардың қасынан жиі-жиі табылып, шығармашылық байланыс орнатуда.

Осы жылдың көктемінен Маңғыстауда «Құдайдың сауыты» фильмнің жалғасы түсірілетіні дүйім жұртқа мәлім, фильм режиссері ретінде Джеки Чан отандасымыз Роберт Кунге жүгініп отыр.

Қытай жаңа жылында белгілі әнші Жұбаныш Жексенұлы Қытайдың Иу қаласында Джеки Чанмен бір сахнада өнер көрсетті. Бұл концерт Қытай еліндегі белгілі мерекелік телешоу – Spring Festival Gala жобасының ресми алаңында өткен.

Джеки Чан туралы мәліметтермен танысу барысында Қазақ радиосының <https://qazradio.fm/kz> сілтемесін сақтай отыра, актер туралы 9 деректі мақалама қосып отырмын.

1. Ол кедей отбасында дүниеге келді. Ата – анасы жарлы болғандықтан, баласын босандырып алған акушерге 26 долларға сатпақшы болған.

2. Анасы баласын 12 ай бойы көтеріп жүрген. Сондықтан, дәрігерлер кесір тілігімен босандырып алған. Сәбидің

туғандағы салмағы 5,5 кг.

3. Джеки мектеп қабырғасында білім алып жүргенде, оның көптеген лақап аты болды. Мұғалім оның мұрнын таяғымен ұрып сындырғандықтан, сыныптастары оны «Дәу мұрын» деп атаған. Білім ошағында оқумен қатар, ол акробатика, актерлік және жауынгерлік өнерді меңгерді.

4. Джеки Чан 7 жасында алғаш рет «Большой и Маленький Вонг Тин Бар» фильміне түсуге ұсыныс алды. Мектепті бітіргенше ол 7 киноға түсіп үлгерді. 5.Өзінің фильмінде ол 15 лауазымда жұмыс істеді: сценарист, режиссёр, бас актер, продюсер, атқарушы продюсер, оператор, суретші - режиссер, желілік продюсер, трюктерді үйлестіруші, жарық беруші, каскадёр, композитор, реквизит меңгерушісі, тақырыптық ән орындаушысы, тіпті қоғамдық тамақтандырудың үйлестірушісі.

6. Джеки Чан фильмдердің бірінде трюк жасағаннан кейін, бас сүйегін жарақаттап алды. Зақымданған жерді пластикалық пластинамен жапқан. Осының әсерінен, оның оң құлағы естімей қалды.

7. Актер мінсіздікке ұмтылады. Фильмдердің бірінде үш секундтық трюк үшін оған 2 күндік түсірілім, яғни 1600 дубль жасауы қажет болған.

8. Джеки актерлік шеберліктен бөлек, әнді де жақсы орындайды. 1984 - жылдан бері ол өзінің 20-дан астам альбомын жарыққа шығарды. Кейбір фильмдері өзінің әнімен аяқталады.

9. Оның ұраны: «Қорықпаймын. Көмекшіге жүгінбеймін. Теңдесті тек таппадым». Ешқандай сақтандыру компаниясы актерді сақтандыруға тәуекел етпейді. Себебі, ол бүкіл әлемдегі сақтандыру компанияларының қара тізімінде.

Тұтас буынға балалық шақ сыйлап, киноларында жекпе-жекте жалғыз өзі жеңілмейтін, берілмейтін, ажал аузынан құтылып кететін экшен-кейіпкерлерімен сан бала мен көрерменді таңқалдырған актерге зор денсаулық, екі ел арасына бейбітілік пен ынтымақ тілейміз!



**АХАНОВ Дінмұхаммед Әсетұлы,**  
Шығыс Қазақстан облысы Білім басқармасы,  
Өскемен қаласы бойынша білім бөлімінің  
«Қ.Нұрғалиев атындағы №43 мектеп-лицейінің»  
11-сынып оқушысы.

Жетекшісі: Төкенова Әсел Нұрланқызы,  
Қазақ тілі мен әдебиеті пәндерінің мұғалімі.  
Сурет:[https://www.threads.com/@championat\\_com](https://www.threads.com/@championat_com)



Қазіргі заманда нашақорлық – қоғамдағы ең үлкен және қауіпті мәселелердің бірі. Бұл кеселдің салдары тек тұтынушыға ғана емес, оның отбасы мен жақындарына, тіпті бүкіл қоғамға зиянын тигізеді. Есірткіге тәуелділік адамның денсаулығына, ақыл-ойына, өмір сүру қабілетіне әсер етіп, болашаққа деген үмітін өшіреді. Сондықтан нашақорлыққа жол бермеу – әр азаматтың, әр отбасының және бүкіл қоғамның алдындағы маңызды міндет.

# МЕН ЕСІРТКІСІЗ ӨМІРДІ ТАҢДАЙМЫН

Қазақта «Адам туа жаман болмайды, жүре жаман болады» деген тағылымды сөз бар. Расында, жылтыраған жаһанға еліктеушілік жасөспірімдерді түрлі дертке ұрындырады. Сұм есірткінің зияны туралы көпшілік жақсы біледі, алайда бұл бақытсыздықтың шырмауына түсіп қалғандар да аз емес. ХХІ ғасыр індетіне айналған бұл нашақорлық, аты айтып тұрғандай, өміріңді қорлыққа жетелейді. Сондықтан мен қанша жанның өмірін ойран еткен сұр дүние – есірткіден бас тартып, салауатты өмірді саналы түрде таңдаймын.

Есірткінің зиянын түсіне отырып, біз оның адам өміріндегі барлық құндылықтарды жойып, денсаулық пен рухани әл-ауқатты құртуға түрткі екенін білеміз. Есірткінің бір рет қолданылуы адамның психологиялық, физиологиялық, әлеуметтік жағдайын толығымен өзгертіп, оны тәуелділікке ұрындырады. Есірткіге тәуелді адамдар өміріндегі ең маңызды құндылықтардан, яғни отбасы мен достық, еңбек пен білім сияқты маңызды құндылықтардан айырылады. Мұндай жағдайлар адамның тұлғалық қасиеттерін төмендетіп, еркіндікке деген ұмтылысын жояды.

Есірткісіз өмір – бұл бақытқа, денсаулыққа және салауатты болашаққа бастар адал жол. Біз өзімізді дамытып, физикалық, рухани және психологиялық тұрғыдан жетілуді таңдағанымызда, болашақта есірткі мен басқа зиянды әдеттерден аулақ боламыз. Қоғамдағы әр адам салауатты өмір салтын ұстанса, бақытты қоғамның негізі қалыптасатыны анық.

Менің таңдауым – білімге, рухани өсуге және денсаулыққа бет бұру. Білім мен еңбек – адамның ішкі жан дүниесін байытып, толыққанды өмір сүруіне жол ашады. Біз өзімізді шындап, пайдалы дүниелермен айналысу арқылы өміріміздің мағынасы мен құндылығын арттырамыз. Ал бұл

жолда есірткі мен басқа зиянды әдеттерге орын жоқ.

Мен есірткісіз өмірді таңдай отыра, болашаққа сеніммен қадам басамын. Бұл таңдау мені дамуға, салауатты және жауапты адам болуға жетелейді. Әрқайсымыз салауатты өмір салтын ұстанып, өзіміздің және қоғамымыздың болашағын жарқын етуге өз үлесімізді қоса аламыз. Бізді қоршаған қоғамға да есті кетіріп, ессіз әлемге жетелейтін есірткіден аулақ болуды үндеймін. Өз-өзімізге қорған болып, өзгенің өмірін де қорғай білейік, жас достар!



**Зере САҒЫНДЫҚ,**

Қарағанды қаласы, №59 ЖББМ 11-сынып оқушысы  
Жетекшісі: Оразбаева Жанар Кенжебаевна,  
Қазақ тілі және әдебиет пәндерінің мұғалімі.  
Сурет: <https://aqmeshit-apталыgy.kz/densaulyq/esirtkisiz-bolashaq>

**«Мен өзімді әрқашан қорқақ деп санайтынмын. Балалық шағымдағы естеліктерімнің көпшілігі қорқынышпен байланысты: мен басқа балалардан қорқатынмын, жарақат алудан немесе ұялудан, әлсіз болып көрінуден қорқатынмын. Бірақ мен ең алдымен әкемнен қорықтым», - деп Уилл Смит өзінің «WILL» атты кітабының «Қорқыныш» деген бөлімін осылайша бастайды.**

## «Мен әрқашан өзімді қорқақ деп санайтынмын»...

Уилл Смит - американ актері, хип-хоп орындаушысы. Екі «Оскар сыйлығы», төрт «Алтын глобус» және бірнеше «Грэмми» сыйлықтарының иегері. «Қара киімділер» (Men in Black), «Бақытқа ұмтылу» (The Pursuit of Happyness), «Әли» (Ali), «Аладдин» (Aladdin, 2019) атты керемет туындыларда басты рөлдерді сомдаған.

«Сіз білетін «Уилл Смит», - өзге ғаламшарлықтарды жоятын рөлер, танымал киноактер, - бұның барлығы көп жағдайда өзімді қорғап, жасырыну мақсатында мен арқылы шығарылған кейіпкерлер. Әлемнен жасырыну үшін. Қорқақ адам екенімді жасыру үшін. Әкем менің қаһарманым болды», - дейді актер.

Уилл Смит әлемге мықты харизма және әзілдерімен, көптеген киноларындағы кейіпкерлерімен таныс. Алайда сіз білемін деген актер, нағыз бейнесін көрсете бермейді. Өзінің өмірбаяны туралы кітабында ол – басқалар секілді, «Мен пәлен-шүген деген жерде дүниеге келгенмін...» деп бастамайды, керісінше кішкентайынан әкесінен көрген қорлықты айта отырып, ары-қарай қандай адам болғандығын сараптайды. Яғни, Нағыз Уилл Смиттің бейнесін ашады.

«Менің қиялым – дарын, және ол менің жұмыс істеу қабілетіммен үйлескенде, аспаннан ақша жауа бастайды. Анам менің қиялымды (және жақсы оқушы болғанымды) әрқашан жақсы көретін. Оның маған деген көзқарасы біртүрлі. Ол менің ақымақтығымды жақсы көреді, бірақ менің ақылды болғанымды талап ететін».

Бұл сөздер арқылы Уилл өзінің ең мықты қабілеті - оның қиялы екендігін атап өтеді. «Фантазия - психологиялық дамудың табиғи бөлігі. Бірақ жасымыз ұлғайған сайын біз армандауды біртіндеп тоқтатамыз, себебі нақты әлемде өмір сүру армандарымызға бой алдырғаннан гөрі маңыздырақ екенін түсінеміз. Біз басқа адамдармен қарым-қатынас жасауды үйренуіміз керек, оқуда және жұмыста табысқа жету үшін мақсаттар қоя білуіміз қажет, материалдық әлемде аман қалып, тіршілік үшін күресуіміз керек. Ал егер сіз шындықты жеткілікті түсінбесеңіз, бұл қиынға соғуы мүмкін. Сондықтан біз бәріміз шындық пен қиялдың арасын ажыратуымыз керек. Кейбір адамдар бұған соншалықты шебер, өкінішке орай, ересек болған кезде олар материалдық әлемнен



басқа нәрсені қабылдау қабілетін жоғалтады.

Бірақ қандай да бір себептермен бұл менің басымнан өткен жоқ. Мүмкін, мен мұны істеуден бас тарттым, себебі қиялдарым мені әлемнен қорғады».

Уилл өміріндегі бар ауыртпалықты қиялдаумен жасырып өмір сүрген. Әкесінен қорыққаны сонша, әкесі анасына қол көтерген сәтте ештеңе істей алмай бір орында тұрып қалатын. Оның ағасы Гарри болса, анасын қорғау үшін қолынан келгенінің бәрін істеуге тырысқан (небәрі 6 жаста болсада). Осы екеуінің де әрекеттері алдағы уақытта олардың қандай адам болатындықтарын көрсеткен еді.

Уилл Смит өзінің болашақ мансабын ең алдымен рэпер болудан бастағандығын көбісі біле бермейді. Кішкентай кезінен Уилл рэпке қатты қызығушылық танытқан. Тіпті оның лақап аты: The Fresh Prince болған. Ұйқас өлең шумақтарын лезде, әрі мағыналы етіп шығарғанда, оған жетер ешкім болмады. Осы қабілеті арқасында басқа балалардан ерекшеленетін. Өмірінде қуанышты сәттермен қатар, сәтсіздіктерде болды. Бірақ бұл жағдайлардың барлығы қазіргі Уилл Смитті қалыптастырды.

Актерлік мансабын кейіннен ғана бастады, шамамен 1990 жылдан. Ең алғаш «Бeverли-Хиллз ханзадасы» (The Fresh Prince of Bel-Air) телехикаясында басты рөлді сомдаған. Кейіннен өзінің атақты кейіпкерлері сомдайтын киноларда басты рөлді ойнаған. Осылайша жетістіктеріне айқын хәм нық қадамдармен жеткен болатын.

Өз әкесінен қорқып, кейін қаһарманым деген себебі, әкесінің арқасында өмірдің қиын сәттеріне төзе білді, кейін әкесі Уиллдің негізгі мақсатын түсініп, баласын мойындап, кешірім сұрады. Сол кезде ғана Уиллдің жүрегі жібіп, әкесі неге қатал болғандығын енді түсінді.

Уилл Смит – тек қана танымал актер емес, ол нағыз шынайы келбетін көрсетуден жасқанбайтын, батыл әрі аңыз тұлға, мейірімді, қамқор әке және шын сүйетін жан-жар. Уиллдің осылай нағыз өмірі мен шынайы өзін көрсетуі – көп танымал адамдардың қолынан келе бермейтін нағыз батыл хәм ержүрек әрекет.

**Жайна ҚҰРМАШ,  
Алматы қаласы, Медеу ауданының  
«172 мектеп – гимназиясының»  
11 сынып оқушысы**

**Қолданылған дерккөздер:  
Марк Мэнсон «WILL» кітабынан  
Сурет: <https://rus.team/people/uill-smit-will-smith>**



# ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ЖУРНАЛИСТИКА: МҮМКІНДІК ПЕ, ӘЛДЕ ӨМІРМЕН ТӘУЕКЕЛ ЕТУ МЕ?

Атқан таң мен батқан түннің арасында ХХІ ғасырдың негізгі ақпарат ахуалы–халықаралық журналистика. Әлемнің әр бұрышында секунд сайын өзгеріп жатқан саяси, экономикалық, әлеуметтік ақпараттарды дүниежүзілік айналымға енгізіп, қоғамды сонымен қоректендіреді. Алайда өзгені қоректендіремін деп, өз басын қатерге тігу дұрыс шешім бе?

Халықаралық журналистика (ағылш. International journalism) – мемлекеттер арасындағы ақпараттың қозғалысы. Ол тек ақпарат тасып қана қоймай, елдерді бір-бірімен таныстырып, жақындастырады. Бұл журналистика тармағы арқылы дүниежүзілік тілдер мен діндер, мәдениет пен тарих жайлы үйден шықпай-ақ тереңірек зерттей аламыз. Тіпті таңертең көзімізді аша сала қолымызға алатын гаджеттерді пайдалануымыз, әлем жұлдыздары жайлы оқуымыз, саясаттағы жаңалықтардан хабардар болуымыз сияқты факторлар халықаралық медиа мамандарының еңбегінің нәтижесі. Бұл маман иесі атанудың өзі төзімділік пен жан-жақтылықты талап етеді.

Ең бірінші - өзге тілді білу. Халықаралық журналистердің ішінде шет тілін білмейтіндерді кездестірмейтініміз анық. Журналист болу – ел үшін жауапкершілік ала білу, ал халықаралық журналист атану – барша 195 елдің алдында абыройлы болу. Әр оқиға мен елдер арасындағы келеңсіз жағдайларға бейтарап көзқараспен қарап, сол ойды нақты тілмен дүниежүзіне жеткізу.

Екінші - еліңнен жыраққа кету. Журналистің мақсаты – өз көзіңмен көріп, сараптау. Содан кейін ғана оны жария ету. Сол себепті даңқты, қайсар мамандық иелері ақпараттың ішінде өмір сүріп, оқиғаның ортасында болу үшін елінен тыс жерде жұмыс істейді. Мысалы, қазақтың кара домалақ қызы Әлия Сарсенова Түркия мен Кавказ елдерінде түрлі оқиғалар кезінде ашық репортаждар түсірген. Мүмкіндіктердің артынан қуып, қауіптің ортасына түскен журналист – қоғам үшін жанын берер жан.

Өзімен бірге мүмкіндіктер мен нағыз әкшнді ала келген бұл мамандықтың қауіп-қатерге толы екенін де жасырмаймыз. Ирандық дрондардың Дубай әуежайына шабуыл жасауын мысалға алайық. Сол мезетте халықаралық журналистер өмірлік қауіпке мән бермей, ақпарат алу мен оны жеткізуді бірінші орынға қойды. Олар үшін оқиға болған жерге барып, мән-жайын күллі әлемге жеткізу маңызды. «Reporters Without Borders» ұйымының деректеріне сүйенсек, 2022 жылы әлемде 60-тан астам журналист өз қызметін атқару кезінде дүниеден озған. Бұл

дерек халықаралық журналистиканың әлемдік деңгейдегі қауіпті сала екенін көрсетеді. Сонымен қатар ақпараттың дәлдігін сақтау, бірнеше дереккөзбен салыстырып, содан кейін ғана халыққа жеткізу –маңызды қадамдардың бірі.

Халықаралық журналистика – әрқашан дүниежүзілік ақпарат айналымында жүретін, жаһандану дәуіріндегі барлық салаларды қамтитын журналистиканың ең ауыр әрі байсалды бағыты. Нағыз журналистің бойында болуы тиіс



басты қасиет – бейтараптық. Сол қасиетті бойыңа сіңіріп, ақпарат дәуірінде сенімді жоғалтпасаң, болашағың жарқын болары сөзсіз.



Айдана КОПЖАН,  
«№2 Мәртөк  
мектеп-гимназиясының»  
10 «Б» сынып оқушысы.  
Жетекшісі: Көздіғарина Рита,  
Ақтөбе облысы,  
Мәртөк ауданы



# НАУРЫЗ

## АЛҒЫС АЙТУ КҮНІ!



Көктемнің алғашқы күнімен қатар келетін Алғыс айту мерекесі – адам жанының мейірім шуағына бөленетін, ізгілік пен парасаттың салтанат құратын ерекше сәті. Бұл күн біздің қоғамда өзара құрмет пен шынайы ризашылықтың символына айналды. Қазақ халқының қанына сіңген қонақжайлылық пен кеңпейілділік қасиеттері бүгінгі таңда ұлттар арасындағы татулықтың берік тірегі болып саналады. Алғыс айту – өткен тарихқа тағзым ету, бүгінгі бақытты бағалау және жарқын болашаққа сеніммен қадам басу жолы.

## Ризашылық - адамдық айнасы, алғыс – көңіл ажары

Қазақ даласы – талай тағдыр тоғысқан, қиын қыстау заманда өзге ұлт өкілдерін бауырына басқан қасиетті мекен. Халқымыздың басына түскен ауыр сынақтарға қарамастан, өзінің бір үзім нанын өзгемен бөліскен мәрттігі бүгінгі бейбіт күннің берік іргетасын қалады. Осы мереке арқылы біз ата бабаларымыздың асыл қасиеттерін ұлықтап, қиындықта қол ұшын созған жандардың ерлігін жадымызда жаңғыртамыз. Бұл - ұлттың тұтастығы мен елдің бірлігін нығайтатын маңызды рухани құндылық. Тарихтың ащы сабақтары бізді бірлесе білуге, қиындықта демеу болуға үйретті, ал сол кезеңдегі қазақ шаңырақтарының көрсеткен мейірімі бүгінде үлкен достық мектебіне айналды.

Ризашылық сезімі адамның ішкі мәдениеті мен рухани байлығының басты көрінісі болып табылады. Шын жүректен шыққан алғыс сөзі адамдар арасындағы сенімді күшейтіп, өзара түсіністікті тереңдетеді. Ең алдымен бізге өмір сыйлаған, түн ұйқысын төрт бөліп мәпелеген ата-анамызға ризашылық білдіру әрбір жанның перзенттік парызы. Сонымен қатар санамызға білім нәрін сеуіп, өмір жолында бағдар берген ұстаздарымызға, қуаныш пен мұңды тең бөліскен достарымызға айтылатын алғыстың орны ерекше. Әрбір жылы сөз бен шынайы күлкі қоғамдағы мейірімділік деңгейін арттырып, адамдардың бір-біріне деген ықыласын оятады. Ризашылық білдіру арқылы біз өзімізді ғана емес, айналамыздағы әлемді де ізгілендіре түсеміз.

Күнделікті қарбалас тіршілікте біз жақындарымыздың жасаған жақсылығын кейде үйреншікті жағдай ретінде қабылдап жатамыз. Алайда Алғыс айту күні осы

құндылықтарды қайта бағалауға, айналамызға мұқият қарап, жақсылықты көре білуге үйретеді. Бейтаныс жанның көмегіне, әріптестің қолдауына немесе айналамыздағы табиғаттың сұлулығына риза болу - бақытты өмір сүрудің басты шарты. Мейірімділік пен ризашылық ұялаған жүректе ешқашан қатыгездік пен көреалмаушылыққа орын болмайды. Бұл күн - әрбір азаматтың Отанына, тағдырына және қимас жандарына деген ең асыл сезімдерін паш ететін кезеңі.

Алғыс айту күні – бұл жүректердің үндесетін, жақсылықтың дәні егілетін қастерлі мереке. Бүгінгі айтылған әрбір «рахмет» сөзі ертеңгі жарқын болашақтың, мызғымас бірліктің кепілі болып саналады. Көктемнің алғашқы шуағымен бірге келген бұл мереке әрбір шаңыраққа бақ береке, әрбір жанға шаттық пен қуаныш сыйласын. Жүрегімізден ризашылық сезімі, көңілімізден мейірім нұры ешқашан кетпесін. Еліміз аман, жұртымыз тыныш, бірлігіміз әрқашан бекем болғай.



Аружан МӘУЛІТ,  
Алматы қаласы,  
Әуезов ауданы,  
«№13 мектеп-  
гимназиясының»  
11-сынып оқушысы.

Сурет: Қызылорда  
облысының  
мемлекеттік  
сәулет-құрылыс  
бақылауы басқармасы

# Инклюзивті қоғам: МҮМКІНДІГІ ШЕКТЕУЛІ ЖАНДАРҒА ОРТАНЫ ҚАЛАЙ БЕЙІМДЕЙМІЗ?

**Бұл тақырып қазіргі қоғам үшін өте өзекті. Инклюзия - бұл жай ғана пандустар орнату емес, бұл әрбір адамның құқығы мен қадір-қасиетін құрметтейтін мәдениет қалыптастыру.**

## **Инклюзивті қоғам: Кедергісіз болашаққа бастар жол**

Қоғамның даму деңгейі оның ең әлсіз мүшелеріне деген қарым-қатынасымен өлшенеді. Бүгінде «инклюзия» термині жиі айтылғанымен, оның түпкі мәні – ерекше қажеттіліктері бар жандардың ортаға толыққанды сіңісуі – әлі де жүйелі жұмысты талап

Бейнематериалдарға субтитрлер мен сурдоаударма қосу.

Бұл ерекше жандардың қашықтан білім алуына және жұмыс істеуіне жол ашады.

### **3. Психологиялық кедергілерді бұзу.**

Ең қиын кедергі – ғимарат табалдырығы емес, адам санасындағы стереотиптер. Инклюзивті мәдениетті қалыптастыру.

Аяушылықтан – Теңдікке: Мүмкіндігі шектеулі жандарға «көмекке мұқтаж жан» ретінде емес, «тең құқылы серіктес» ретінде қарау.

Этикалық қарым-қатынас: Мүгедектігі бар адамдармен сөйлесу мәдениетін мектеп қабырғасынан үйрету.

### **4. Білім мен еңбек: Әлеуметтік лифт.**

Нағыз бейімделу адам өзін қоғамға пайдалы сезінгенде іске асады.

Инклюзивті білім беру: Балалардың ерте жастан бірге өсуі – болашақтағы кемсітушіліктің алдын алады.

Квота емес, мүмкіндік: Кәсіпорындарда арнайы жұмыс орындарын жабдықтап, икемді жұмыс графигін ұсыну.

Түйін, инклюзия – тек мүмкіндігі шектеулі жандарға ғана емес, бүкіл қоғамға керек. Кедергісіз орта қарттарға, жас аналарға және уақытша жарақат алған жандарға да қолайлы. Біз ортаны бейімдеу арқылы шектеулерді емес, мүмкіндіктерді кеңейтеміз.

етеді. Мүмкіндігі шектеулі жандарға ортаны қалай бейімдейміз және бұл неліктен маңызды?

### **1. Физикалық орта: Пандустан артық дүние.**

Инфрақұрылымды бейімдеу – бұл инклюзияның алғашқы баспалдағы. Алайда, бұл тек кіреберіске темір жол салумен шектелмеуі тиіс:

Әмбебап дизайн: Ғимараттар басынан бастап барлық санаттағы адамдарға (арбадағылар, көру қабілеті нашар жандар, қарттар) ыңғайлы етіп салынуы қажет.

Тілсіз көмекшілер: Брайль қарпімен жазылған нұсқаулықтар, дыбыстық бағдаршамдар және тактильді жолдар «көрінбейтін» кедергілерді жояды.

### **2. Сандық инклюзия: Технологияның ролі.**

Қазіргі әлемде интернетке қолжетімділік – өмірлік қажеттілік.

Сайттар мен мобильді қосымшаларды экрандық оқу бағдарламаларына (screen readers) бейімдеу.



**Толғанай ЖАҚСЫЛЫҚҚЫЗЫ,**  
Алматы қаласы Білім Басқармасының Алатау ауданы бойынша «№26 ЖББМ» 11 – сынып оқушысы

# БІЛІМ СЫНАҒЫНАН МҮДІРМЕЙ ӨТІП, АРМАНЫҢ ОРЫНДАЛСЫН!



Жылда оқу жылы аяқталар сәтте түлектер алдында ҰБТ сынағынан өтіп, тиісті балл жинау мақсаты тұрады. Мектепте алған 11 жылдық білімінің нәтижесін көрсетіп, еліміздің жоғарғы оқу орындарына қалаған мамандығы бойынша грант иеленуге ұмтылады. Таңдаған мамандығы айналасында тәжірибе жинап, пән олимпиадалары мен ғылыми – жоба байқауларында қатысып, жүлделі орындарды иеленуде. Ойлары – тезірек есейіп, қолына диплом алған соң, елге адал қызмет ету.

Арманы асқақ түлектердің қатарында Республикалық «Farabi shakirti» журналымен [www.farabishakirti.kz](http://www.farabishakirti.kz) желілік басылым сайтының Жас тілшілері де бар.

Олардың әрқайсысы еліміздің Media саласында абыройлы еңбек еткен аға-әпкелерінің жолын жалғастырып, жоғары технологиялар дамыған заманда журналистика саласын жаңа қырынан ілгерілетуге үлес қоспаққа ниетті. Атап айтсақ: Дінмұхаммед АХАНОВ – Шығыс Қазақстан облысы білім басқармасы, Өскемен қаласы бойынша білім 26 **Farabi shakirti**

бөлімінің «Қ.Нұрғалиев атындағы №43 мектеп-лицейі» коммуналдық мемлекеттік мекемесі 11-сынып оқушысы.

ҚҰРМАШ Жайна – Алматы қаласы Білім басқармасының Медеу ауданы, «172 мектеп – гимназиясының» 11- сынып оқушысы

МАМАНОВА Мадина – Алматы қаласы, Білім басқармасының Медеу ауданы «172 мектеп-гимназияның» 11 сынып оқушысы

Аружан МӘУЛІТ – Алматы қаласы Білім басқармасының Әуезов ауданы, «№13 мектеп-гимназиясының» 11-сынып оқушысы

САҒЫНДЫҚ Зере – Қарағанды қаласы, №59 ЖББМ 11-сынып оқушысы.

Түлектерді құттықтап, жолдарың ашық болсын дейміз!

Республикалық «Farabi shakirti» журналымен [www.farabishakirti.kz](http://www.farabishakirti.kz) желілік басылым - сайтының редакциясы

# Құс қанатты жырлар

Жамбыл облысы, Тұрар Рысқұлов ауданы,  
Тұрар Рысқұлов атындағы мектеп-  
лицейінің оқушылары жолдаған өлең  
шумақтары.

Жетекшісі: Танысхожаева Гулбайра  
Беделханқызы

## АНАЛАР МЕН АРУЛАРҒА АРНАУ

Көктемнің шуағымен нұрын шашқан,  
Құлпырып жердің беті гүлін ашқан.  
Мерекең құтты болсын, асыл жандар,  
Күлімдеп, бақыт тапқан әрбір асқар.

Анашым – өмірімнің алтын бағы,  
Сен барда арайланып атады таң.  
Мейірім мен шапағат сенен ғана,  
Сенсің ғой әлемдегі асыл жан.

Сүйікті жар, қарындас, ару қыздар,  
Көңілден кетсін мәңгі қысқы мұздар.  
Жүздеріңнен нұр ойнап әрқашанда,  
Жарқырандар көкте жанған жұлдыздай.

Әр үйдің берекесі, шамшырағы,  
Анасыз тіршіліктің жоқ тұрағы.  
Мейрамың құтты болсын,  
нұрлы көктем,  
Таусылмас қуаныштың ақ бұлағы!



**ОРЫНБАЙ** Айсұлтан Қанатұлы,  
10 «А» сынып оқушысы

## ҰСТАЗЫМА

Көктемнің шуағындай нұрын төккен,  
Мейірім аралындай гүлі көктем.  
Шәкірттің болашағын биік қойып,  
Өмірдің өткелінен бірге өткен.

Сабырдың сарқылмайтын арнасындай,  
Білімнің баға жетпес алқасындай.  
Жазумен тақтадағы тағдыр қашап,  
Тұрасыз ақыл-ойдың айнасындай.

Жүзінде ұялаған ізгілігі,  
Жанының жоқ жасырын, үзгі мін.  
Ұстаздың еңбегімен арайланар,  
Ертеңгі атар таңның әрбір күні.



**ЖАНБОЛАТОВА** Айзере Максатқызы,  
2 «Б» сынып оқушысы

## ҚАЗАҒЫМНЫҢ АРУЛАРЫ АЯКӨЗДЕЙ

Қазағымның арулары аякөздей,  
Құлпырады гүл бақшадай бәрі бірдей.  
Жүздері нұр шуақтан жаралғандай,  
Әлемді жарқыратып жібергендей,

Жүздерінен шуақ төгіп күлімдеген,  
Көктем келіп тұр ғой көздерінен.  
Сезіледі табиғат әсемдігі,  
Құлпырған атырабы бейне гүлдейін.

Жаратқан сұлу қылып бір Алла өздерінді,  
Құртпандаршы бейне бір сұлу жүздерінді.  
Бояусызда сұлуыңдар тіл қақтырар,  
Қарасаң көз тоймайтын бір бақ болар.

Инабат пен ибаны серік еткен,  
Қазағымның қыздары сұлу қандай!  
Парасаты бойына бір тоғысқан,  
Қазағымның қыздары мықты жандар.



**ТІЛЕПБАЙ** Саян Режепбайұлы,  
10 «Ә» сынып оқушысы



# Farabi shákirti

@farabishakirti.kz  
f @farabishakirti.kz  
i @farabishakirti.kz

МЕКТЕП МҰҒАЛІМДЕРІНЕ, ОҚУШЫЛАРҒА, ОРТА ЖӘНЕ ЖОҒАРЫ ОҚУ ОРЫНДАРЫ  
ОҚЫТУШЫЛАРЫ МЕН БІЛІМ АЛУШЫЛАРЫНА, САЛА МАМАНДАРЫНА,  
АРДАГЕРЛЕРГЕ, АТА-АНАҒА АРНАЛҒАН РЕСПУБЛИКАЛЫҚ ТАНЫМДЫҚ ЖУРНАЛ



## Искусство Егельмана

### Казахские сказки

В Багдаде один мудрый человек по имени Егельман. Все люди страны знали Егельмана. Обиженные приходили к нему за советом, спорящие – чтобы мудрец рассудил их, больные шли избавиться от недуга, а умные любили побеседовать с мудрым человеком.

Прослышал хан о мудрости Егельмана и повелел позвать его к себе. Привели царские слуги Егельмана к хану, и стал он жить при дворе.

Хан часто совещался с мудрецом и не переставал восхищаться его умом.

Однажды хан позвал к себе своего верного визиря и сказал ему:

– А не сделать ли нам Егельмана визирем – уж очень он умен!

Не понравились визирю слова хана. Понял он, что царь хочет избавиться от него.

– О мой хан! – взмолился визирь. – Не делай этого.

Не люблю я этого человека, он хитер, как сто чертей. Ему нельзя доверяться: он умеет делать то, чего не умеют другие. Я боюсь, что в один из дней он погубит нас всех и станет ханом.

Задумался хан:

– Да, ты прав. Только умные люди способны причинить хану вред. Что же нам делать с мудрецом. Ведь выгнать его мы не можем – он обидится и отомстит нам.

Обрадовался визирь.

– О хан мой! Поручи это дело мне, я как-нибудь найду способ известить Егельмана.

– Разрешаю, – ответил хан и удалился в свои покои. С этого дня Егельмана не стали приглашать к хану. Когда Егельман спрашивал, почему его не пускают к хану, ему отвечали, что хан занят.

Однажды визирь пришел к Егельману и сказал:

– Эй, Егельман, хан задает тебе несколько вопросов.

Будешь ли ты отвечать на них?

– Я всегда готов с радостью служить хану, – ответил мудрец.

Первый вопрос: «Каким образом хан должен обогатить свой народ?» Второй вопрос: «Каким образом хан может вытравить злобу у своих подчиненных?» Подумал Егельман и ответил:

– Дайте мне два года сроку. Визирь:

– Даю тебе две недели. За это время ты должен написать на эти вопросы научные труды.

Понял Егельман, что его дни сочтены. Сказал он визирю:

– У меня есть книга, написанная два года назад. В ней как раз есть ответы на эти вопросы. Я просмотрю книгу за эту неделю, исправлю кое-что и дам вам.

Нечего было сказать визирю, и он ушел. Ровно через неделю Егельман пришел к визирю:

– Книга готова, но я хотел бы сам вручить ее повелителю.

Визирь привел Егельмана к хану. Хан увидел мудреца, обрадовался.

– Угостите мудреца самыми лучшими винами и самыми вкусными блюдами, – приказал он визирю.

Вскоре перед мудрецом стоял стол, накрытый всевозможными кушаньями. Егельман почувствовал, что в вино примешан яд – визирь решил отравить его.

«Ах так! – подумал мудрец. – В таком случае тебе

даже жалеть не придется о сделанном».

Егельман незаметно достал из кармана какой-то прозрачный кристаллик и опустил его в чашу с вином. Когда кристаллик растворился, мудрец выпил вино как ни в чем не бывало.

– Хорошее вино, – проговорил он и поставил чашу на стол.

Затем он незаметно для других обмакнул пальцы в яд, отстоявшийся на дне чашки, и обратился к визирю.

– Дорогой визирь! Вот вам книга. Она очень полезна, особенно важны вот эти страницы.

С этими словами мудрец провел пальцами, обмоченными в яд, по страницам открытой книги. Затем он попросил у хана разрешения и удалился.

Как только за Егельманом закрылась дверь, хан и визирь взяли книгу и прочитали:

«Если хан хочет видеть своих людей незлобивыми, добрыми, пусть сначала сам освободится от злобы».

«Если хан хочет видеть свой народ богатым, пусть воспитывает в них трудолюбие».

«Кто бы ты ни был, оближи эту страницу книги девять раз, и у тебя никогда не уменьшатся силы». Обрадовались хан и визирь и стали в драку лизать книгу. Тут и пришел им конец.

[http://skazkoved.ru/;](http://skazkoved.ru/)

Картинка: <https://kartinki.pibig.info/>


## СКАЗКА СЕЗОНЫ ГОДА

Давным-давно, на берегу Белого Яика, жила-была круглая мать, очень уважаемая в своем народе и любимая своим народом. У этой матери было четыре дочери. У них были красивые губы и глаза, сверкающие, как солнце. Они были прекрасными девушками, наделенными красотой мира.

Мать воспитала их хорошо. Старшую дочь звали «Весна». Она была светлой, с нежным характером. Вторая дочь «Лето» была яркой, жизнерадостной, всегда улыбающейся и излучающей свет. Третья дочь «Осень» была более плаксивой и дождливой по сравнению с другими, но щедрой и открытой. А младшая дочь «Зима» была холоднее и строже, чем остальные.

Дочери подросли и стали умными и серьезными девушками. Эта круглая мать устроила их в хорошие семьи. Старшая дочь родила троих сыновей, и все они стали героями, защищающими свой народ. Вторая дочь родила троих дочерей, которые стали добрыми девушками, способными дарить тепло человечеству. Третья дочь подарила жизнь трем жизнерадостным дочерям. Четвертая дочь воспитала трех щедрых и гостеприимных дочерей, которые ценили каждого пришедшего к ним гостя.

Потомки этих четырех дочерей принесли пользу



своему народу и стали легендами в устах народа. Они олицетворяли четыре времени года и двенадцать месяцев.

<https://ertegiler.kz/ru/story/zhyl-mezgilderi>



# 10 INCREDIBLE THINGS TO DO IN ALMATY, KAZAKHSTAN'S LIVELY METROPOLIS

Curious to visit Almaty, a welcoming city that is waiting to be explored? I've got you covered! My guide features the best things to see and do, adventurous day trips, as well as travel tips on where to stay, transport and more.

If you choose to use any of the links on this page, I may receive a small commission at no extra cost to you. By using these links, you'll have a direct impact on WTSW and my ability to continue to create free insightful travel content for you. If you find any of my tips useful, you can support me by buying a virtual coffee here.

## WHERE IS ALMATY

Almaty is located in the foothills of the Trans-Ili Alatau mountains in Southeast Kazakhstan, close to the border of neighbouring Kyrgyzstan.

Once the capital of Kazakhstan in 1997, Almaty remains the largest city in Kazakhstan and is still deemed one of the most significant cities in terms of cultural, economic and transport importance.

Where to stay in Almaty, Kazakhstan

Though Kazakhstan is still largely unknown to upscale tourism, it isn't compromising on accommodation options by any means.

Instead, you'll notice plenty of excellent options, whether you're looking for budget-friendly hostels, cosy Airbnbs, comfortable hotels or a more luxurious splurge.

In terms of location, the Golden Square of Almaty is where you want to base yourself.

Not only is this neighbourhood home to some of the best things to do in Almaty, a well-working metro connection, and the city's most trendy restaurants and cafes, but this area is also the safest and most accessible.

Here are some of my personal favourites in Almaty.

**Kazakhstan Hotel** | Kazakhstan's most famous hotel, the Kazakhstan Hotel provides stylish rooms with spectacular views of both Almaty and the Ile-Alatau Mountains. With its convenient location on Dostyk Avenue, it's easy to visit the city centre, mountains and Almaty's popular ski resort Shymbulak. Also, the hotel is home to several excellent in-house restaurants and a panoramic bar.

**Ambassador** | If you're aiming to find an awesome budget-friendly hotel, this is the place for you. Situated in the heart of Almaty, Ambassador offers large classic-style rooms that provide great comfort, perfect for those

looking to unwind after a day of exploring. Double rooms at only \$37 a night make Ambassador an absolute bargain.

**Mercure Almaty City Center** | Inspired by local cultural and traditional art, Mercure Almaty City Center pays great attention to its design, with amazingly decorated rooms that provide a luxurious experience. Guests also have access to a free rooftop spa and fitness area. Make sure you click the link below, just to see how awesome it looks.

**Renion Park Hotel** | Established right in the action of Almaty's Golden Square, Renion Park Hotel offers spacious, air-conditioned rooms at an excellent price-to-quality ratio. It also houses an in-house restaurant, fitness centre, indoor swimming pool and sauna, which is perfect if you're after some extra comfort.

Alternatively, search for accommodations in Almaty on [booking.com](https://www.booking.com). [15 Things to do in Almaty, Kazakhstan](#)

## 1. ROAM AROUND THE GREEN BAZAAR

One of the best introductions to a country and its culture is by roaming along the myriad of stalls from an authentic local market.

Not only is it the perfect way to get a feel for the locals and their ways, but it's also the number-one place to sample new flavours and locally-grown produce.

Established at the heart of Almaty is the Green Bazaar, an extensive covered market that is home to loads of vendors, offering their visitors the most authentic flavours of Central Asia.

From Kazakhstan's traditional Kymyz (fermented horse milk) to delicious dried fruits and nuts, Almaty's famous apples to distinguishing spices and vegetables, it is all found here.

Though I mostly came to the Green Bazaar to stock up on mouth-watering dried fruits and nuts, it is also a

place to find all sorts of other goods, including clothes, souvenirs, electronics and more.

If you're after a genuine, authentic vibe, make sure you experience the hustle and bustle of Almaty's exciting Green Bazaar.

## 2. BEHOLD INSPIRING ART AT THE KASTEEV STATE MUSEUM OF ARTS

First established in 1935, the intriguing Kasteev State Museum of Art is not only the largest art museum in Kazakhstan but also the most interesting if you ask me.

Today, visitors to Kasteev can behold some of Kazakhstan's finest artworks, with a total of more than 25,000 intriguing art objects dotted throughout the museum.

The distinctive collection is an excellent mix of past and present, with fascinating contemporary art objects and intriguing historical pieces alike – I even noticed several extraordinary paintings from my country of birth, the Netherlands.

But some of my favourite works in the museum include the glorified paintings that represent the Soviet Union. Though I realize that these paintings give a biased glimpse into this eventful period, they clearly are of high artistic value.

Other highlights found in the museum include paintings of Kazakhstan's famous poet Abay Kunanbaev, modern sculptures and highly regarded works of Asian, European and Russian artists.

If you're short on time, and only have time to visit one museum in Almaty, I'd advise taking in the exquisite artworks that are on display in the Kasteev State Museum of Arts.

## 3. TAKE A WALK AROUND PANFILOV PARK

Wandering through the spruce tree-lined Panfilov Park is in many ways, one of my absolute favourite things to do in Almaty.

At the heart of downtown Almaty, a lush urban park

occupies, granting its visitors the perfect place to escape the rush of the city.

Named after Almaty's famous Panfilov heroes (who gave their lives in the defence of Moscow during World War II), the park is home to a gigantic memorial statue, showcasing 28 soldiers as well as an eternal flame.

But it's not just the Statue of Panfilov's 28 Guardsmen that make the Panfilov Park an excellent place to venture to for an afternoon stroll.

There are actually loads of other highlights nestled in the verdant park; the Russian Orthodox Ascension Cathedral, the Kazakh Museum Of Folk Musical Instruments, and the Military History Museum to name a few.

Also, you'll find Bowler Coffee Roasters here, a trendy cafe with the most excellent coffee and pastries on the menu. These yummy treats are best enjoyed in hand while watching local life unfold on a relaxing walk.

If there is one thing I learned during my time in Almaty, it surely is that Kazakh people appreciate spending time in one of the many urban parks – and so did I!

## 4. ADMIRE THE ASCENSION CATHEDRAL

Defined by its distinctive palette of bright pastel colours, the majestic Ascension Cathedral stands proud against the lush greenery of Panfilov Park.

Built entirely out of locally obtained Tien-Shan spruce trees by architect Andrei Pavlovich Zenkov in 1907, the Russian Orthodox Cathedral is considered one of the tallest wooden buildings in the world.

Also, the cathedral survived 2 massive earthquakes due to the building's distinctive engineering and design, which is even more impressive if you note that most of the buildings in Almaty were left damaged or in ruins.

In my opinion, the Ascension Cathedral is one of the most extraordinary buildings in Almaty, and for that reason, unmissable on any list of things to do in Almaty.

Source: Retrieved from <https://wherethesoulwander.com/things-to-do-in-almaty/>.





**«Қазпошта» АҚ облыстық, аудандық бөлімшелері арқылы 2026 жылға журналдық электрондық нұсқасына жазылу бағасы:**

**Заңды тұлғаларға: 6 айға – 3618,36; 12 айға – 7236,72**

**Қала, ауыл-село бойынша: 6 айға – 3344,40; 12 айға – 6688,80**

**Байланыс ақпараты үшін: 87017309312**